



# Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы  
1 қазаннан шығады

№49 (10 252)

29 қараша

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

## ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



## РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ПУТИН ҚАЗАҚСТАНҒА МЕМЛЕКЕТТІК САПАРМЕН КЕЛДІ

## ЖЕТІСУДА СОҢҒЫ БІР АПТАДА ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАҒЫ 40 АЗАМАТ ТҰРҒЫН ҮЙЛІ БОЛДЫ



Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинді «Ақорда» резиденциясында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путин бір - біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің аңурандары орындалды. Мемлекеттік сапар – бұл ең жоғары және ресми сапар түрі. Ол елдер арасындағы екіжақты қатынастардың маңыздылығын көрсетеді және қабылдаушы елдің құрметінің символы болып табылады. Мұндай сапар тек мемлекет басшысымен

жүзеге асырылады және әдетте оның қызмет мерзімінде бір-ақ рет өткізіледі. Айта кету керек, В.В.Путиннің Қазақстанға соңғы осындай сапары 2015 жылы, яғни 9 жыл бұрын болған. Салтанатты рәсімнен кейін мемлекеттер басшылары келіссөз залына барды. Келіссөз барысында мемлекеттер басшылары өнеркәсіп кооперациясы, энергетика, мұнай-газ өнеркәсібі, энергия ресурстарының тасымалы, машина жасау, көлік - логистика, қаржы, экология, су саясаты, білім беру, ғылым және мәдени - гуманитарлық салалардағы ықпалдастықты дамыту перспективасын талқылады.

Кездесу соңында Ресей Президенті Владимир Путин «Біз достас елдерміз. Қарқынды дамып келе жатқан іскерлік қарым - қатынасты да қолдаймыз. Ұдайы байланыстамыз. Өзіңізді жыл соңында Санкт-Петербургте өтетін ТМД аясындағы бейресми кездесуде күтемін. Сондай-ақ Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған салтанатты шараға шақырамын. Бұл – біздің ортақ жеңісіміз», – деп қазақ жерінде көрсетілген ерекше сый - құрмет үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

**Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,**  
**«Ақсу өңірі» газетінің**  
**директор – бас редакторы.**

Бүгін Жетісу облысы Кербұлақ ауданындағы төрт ауылда 23 үй қолданысқа берілді. Сол сияқты жуырда Талдықорған қаласында 17 пәтер кілті кезектегі азаматтарға тапсырылды. Осы аталған жалпы саны 40 үйге халықтың әлеуметтік осал тобындағы отбасылары ие болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі. Кербұлақ ауданының Алтынмемел ауылында 5 үй, Шанханай, Шұбар, Қаспан ауылдарының әрқайсысында 6 үйден пайдалануға берілді. Аудан әкімі Қанат Есболатов ауылдарға арнайы барып, жеке тұрғын үй кілттерін жаңа иелеріне табыстады. Аудан әкімдігінің мәліметіне қарағанда, аудандағы тұрғын үй кезегінде 1603 адам тұр. Оларды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында қазіргі уақытта қарқынды жұмыстар жүріп жатыр. - Бүгінгі күні Кербұлақ ауданына қарасты ауылдарда 100 жеке тұрғын үй салынууда. Одан бөлек аудан орталығы Сарыөзек ауылында 60 пәтерлі екі көп қабатты үйдің құрылысы аяқталуға жақын. Тағы 60 пәтерлік бір үйді Республика күні қарсаңында қолданысқа бердік. Салынып жатқан тұрғын үйлердің барлығы кезекте тұрған азаматтарға, соның ішінде тұрмысы төмен, әлеуметтік осал топтағы тұрғындарға, үйлері апатты деп танылғандарға берілетін болады, - дейді Кербұлақ аудандық құрылыс және қалақұрылысы бөлімінің басшысы Бақыткелді Қабидолда. Ауылдардағы жаңа үйлер 3 бөлмеден тұрады, аумағы 77 шаршы метрден. Үй ішінде тұрмысқа қажетті қолайлы жағдайлар толық қарастырылған. Жаңа қоныс қуанышына кенелген азаматтардың ішінде Қаспан ауылының тұрғыны Гүлмира Жанатаева да бар. - Қаспан ауылында көрнекті, жаңа 6 үй салынды. Соның бірі бірінші топтағы мүгедектігі бар балама берілді. Үйдің ішін аралап көрдік, жайлы, кең екен, көңілімізден шықты. Осындай қуаныш баспанаға зәру азаматтарға жұғысты болсын, қуаныш көбейсін, - дейді қаспандық тұрғын. Ал, жуырда Талдықорған қаласындағы «Шығыс» шағын ауданында да 17 отбасыға жаңа баспана берілді. Жаңа пәтерге ие болғандар қатарында жетім балалар, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеуші отбасылар, көпбалалы аналар, толық емес отбасылар және Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген азаматтар бар. Атап өтсек, жалпы өткен он айда Жетісу өңірінде 247,6 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

## БАСПАСӨЗ - 2025

# АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИНЕ  
2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

**АУДАНЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ  
КЕЛСЕ, АУДАНЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС  
БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

"АҚСУ ӨНІРІ" газетіне жазылу бағасы 1 жылға - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

## Қыстың қамын – жаз ойла!



вагондар санының, қысқаруына екеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

**Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!**  
Алдағы 2024 - 2025 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық ша-

раларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы

**«Ақсу ауданының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.**



## ЖЕТІСУДА ТҰҢҒЫШ РЕТ АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ФОРУМЫ ӨТТІ

### ӘЛІБЕК ӘСКЕРБЕКҰЛЫ ЖАҚАНБАЕВ:

**«Облыс экономикасын одан әрі дамыту және халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау үшін бірлескен, тиімді жұмыстың арқасында Біз облысымыздың әл - ауқатын жақсарту үшін алға қойылған мақсаттарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін».**

### ЕРМЕК НҰРАХМЕТОВ:

**«Халықтың партия мен атқарушы билікке деген сенімі сайлауалды уәделердің орындалуымен тікелей байланысты. Оларды уақытылы және сапалы орындау – баршамыздың басты міндетіміз. Бүгінгі форумның ұйымдастырылуы біз үшін өте маңызды. Шалғайдағы ауыл әкімдерінің жұмысына әртүрлі бағыттар бойынша әдістемелік қолдау қашанда қажет. Бүгінгі жиында өз жұмысымызды жүйелі ұйымдастырудың тағы да бір қырын игердім».**



## ЖЕТІСУДА

ТҰҢҒЫШ РЕТ АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ  
ФОРУМЫ ӨТТІ



«AMANAT» партиясының бас-тамасымен Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласында ауыл әкімдерінің басын біріктірген форум өтті.

Айтулы жиынның басты мақсаты – мемлекет пен қоғам алдында тұрған, ауыл халқын толғандырып отырған өзекті де өткір мәселелерді бірлесіп, ашық талқылау, олардың шешу жолдарын іздеу.

Алқалы жиынға «AMANAT» партиясы орталық аппарат басшысы Мәди Оспанов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Болат Керімбек, Жетісу облысы әкімінің орынбасарлары Әлібек Жақанбаев және Диас

сүруіне қолайлы жағдай жасау үшін бірлескен, тиімді жұмыстың арқасында Біз облысымыздың әл-ауқатын жақсарту үшін алға қойылған мақсаттарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін», - деді өңір басшысының орынбасары Әлібек Әскербекұлы Жақанбаев форумның ашылу рәсімінде.

Осы орайда, «AMANAT» партиясының аппарат басшысы Мәди Жарылқасынұлы жергілікті атқарушы биліктің жауапкершілігі жоғары болуға тиіс екенін айта келе, ауыл әкімдері институтының нәтижесі табысты реформаның маңызды міндеті болып табылатынына баса мән берді.



Есдаулетов, басқарма басшылары мен облысымыздағы 113 ауылдық оқу орталықтарының әкімдері қатысты.

Алғаш ұйымдастырылған форум барысында партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру, ауыл-аймақтық әлеуметтік-экономикалық дамуы, ауыл әкімдерінің сайлауы және олардың атқарар жұмыстарының негізгі мәселелерін талқылауға арналған алаңға айналды.

Облыс әкімінің орынбасары Жақанбаев Әлібек Әскербекұлының айтуынша, қоғамдық-саяси тұрақтылықты және орнықты дамуды қамтамасыз ету әкімдердің басты міндеті.

«Облыс экономикасын одан әрі дамыту және халықтың өмір

«Ауыл әкімдерінің форум-ы қазіргі уақытта еліміздің барлық аймақтарында өтуде. Форумда айтылған ұсыныстар мен идеялар, тың бастамалар



«AMANAT» партиясы атынан сайланған ауыл әкімдерінің табанды жұмысы мен кәсіби шеберлігіне жаңа серпін береді деп есептеймін. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл әкімдерін тікелей сайлау жүйесі енгізгеннен бері, жыл сайын елді мекен басшыларына қатысты халық өз таңдауларын жасап келеді. Өңірде 2021 жылдың шілдесінен бастап 113 ауыл әкімдерінің сайлауы өткізілді, оның ішінде партиядан ұсынылған 111 (98%) кандидат жеңіске жетті. Бұл – біздің бағдарламаларымыз бен бастамаларымызға халықтың сенімінің айқын дәлелі», - деді Мәди Жарылқасынұлы Оспанов.

«AMANAT» партиясы елді мекендердегі кәсіпкерлікті дамытуға, экономикалық ахуалды арттыруға баса назар аударуда. Дәл осы мақсатта форум барысында «Қарызсыз қоғам», «Құқықтық көмек» жобаларының және Жол картасы аясында жүзеге асып жатқан жетістіктер талқыланды.

«Халықтың партия мен атқарушы билікке деген сенімі сайлауалды уәделердің орындалуымен тікелей байланысты. Оларды уақытылы және сапалы орындау – баршамыздың басты міндетіміз. Бүгінгі форумның ұйымдастырылуы біз үшін өте маңызды. Шалғайдағы ауыл әкімдерінің жұмысына әртүрлі бағыттар бойынша әдістемелік қолдау қашанда қажет. Бүгінгі жиында өз жұмысымызды жүйелі ұйымдастырудың тағы да бір қырын игердім», - деді Панфилов ауданы Үлкенәғаш ауылдық округінің әкімі Ермек Нұрахметов.

Форум аясында панелдік сессиялары да ұйымдастырылды. Онда ауыл әкімдері «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасын іске асыру, партиялық жобаларды ілгерілету, қызметті кәсібилендіруге негізделген мемлекеттік қызметтің жаңа принциптер мен қадамдар, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік сатып алу, іске асыру, агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік қолдаудың қолжетімді тетіктерін қалыптастыру, кәсіпкерлікке қолдау көрсету және инвестиция тарту шаралары, қоғамдық - саяси ахуал және бұқарамен жұмыс істеу секілді түрлі бағыттарда арнайы мамандардан дәріс алды.

**Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,**  
аудандық партия  
филиалының консультанты.

## ТАҒАЙЫНДАУ



Сембаев Ерасыл Бауыржанұлы 2024 жылғы 18 қарашадағы Ақсу ауданы әкімінің м.а. өкімімен Ақсу ауданы әкімі аппаратының басшысы болып тағайындалды.

Сембаев Ерасыл Бауыржанұлы - жоғары білімді. 2017 жылы – І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетін «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы;

2022 жылы «Қайнар» академиясын-Құқықтану мамандығы бойынша білім алған.

Еңбек жолы:

16.02.-20.08.2018 жылы - «Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ;

23.08.2018-01.01.2019 жылдары «Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ табиғатты қорғау жобаларын басқаруды перспективалық жоспарлау бөлімі бас маманы;

01.01.-19.02.2019 жылы - «Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ әкімшілік-құқықтық бөлімі бас маманы;

11.11.2019-29.03.2021 жылы «Іле ауданының Междуреченск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы;

30.03.2021-05.01.2022 жылы «Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің аппараты» аудан әкімінің кеңесшісі ММ ;

04.01.2023-18.10.2023 жылы Жетісу облысы әкімінің аппараты құжаттамамен қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің бас маманы;

18.10.2023-осы уақытқа дейін Жетісу облысы әкімінің аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің инспекторы болып еңбек еткен.

## “ТАЛДЫҚОРҒАН-ҮШАРАЛ” газ құбыры салу жоспарлы түрде жалғасуда



Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов және «Интергаз Орталық Азия» АҚ Бас директоры Манас Тасыбаев «Талдықорған - Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылыс барысымен танысты.

«Талдықорған - Үшарал» магистральдық газ құбырын салу» инвестициялық жобасын Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «QazaqGaz» Ұлттық компаниясы іске асыруда. Жоба Үкіметтің 2024 жылғы экономикалық өсуді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарына кіреді.

Жаңа газ құбырының құрылысы осы жылдың тамыз айында Премьер-Министр Олжас Бектеновтің Жетісу облысына жасаған жұмыс сапары кезінде басталған болатын.

Бүгінгі таңда 100 шақырымнан астам құбыр дәнекерленген. Құрылысқа 90-нан аса арнайы техника мен 128 жұмысшы персонал жұмылдырылды. Құрылыс жұмыстары ерекше бақылауда және қатаң түрде кестеге сәйкес жүргізілуде.

Облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов атап өткендей, бұл нысанның өңір үшін экономикалық маңызы зор. Осы маңыздылықты, сондай-ақ, құрылыс жұмыстарының орындалу жылдамдығын ескере отырып, құрылыс бір жылға жуық мерзімге ертерек аяқталды деп күтілуде.

Осыған байланысты 2025 жылдың соңына қарай 124 мың тұрғыны бар Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының 66 елді - мекені табиғи газға қол жеткізу мүмкіндігіне ие болады. Бұл іскерлік белсенділіктің артуына, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, шағын және орта бизнестің дамуына қосымша оң әсерін тигізбек.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.



## Мемлекеттік қызметті дамытудың тұжырымдамасы бекітілді



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекеттік қызметті дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді.

Тұжырымдамада алдағы уақытта елімізде мемлекеттік қызмет үш негізгі бағыт бойынша дамитыны айқындалған. Олар, сервистік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген мемлекеттік қызмет моделін қалыптастыру, мемлекеттік қызметті кәсібилендіру, HR-процестерді жетілдіру және басқару.

Ол үшін қолданыстағы әдістер жетілдіріліп қана қоймай, мемлекеттік аппараттың тұрақтылығын қамтамасыз етуге, ресурстар мен процестерді неғұрлым нақты және мақсатты басқаруға мүмкіндік беретін жаңа институттар енгізілетін болады.

Тұжырымдаманың басты бағыттарының бірі – мемлекеттік қызметті кәсібилендіру. Осыған қатысты қолданыстағы басты тетіктер мен алдағы уақытта енгізілетін жаңа институттар қандай?

Негізі кәсібилендіру талант-менеджмент, кадрларды тиімді іріктеу, кәсіби қызметті бағалаумен, оқытумен және әділ еңбекақы төлеу жүйесімен байланысты дағдылар мен білімді жетілдіруге арналған мансаптық ілгерілету жүйесі сияқты персоналды басқару тәсілдерін қамтиды.

Осындай тәсілдердің бірі ретінде болашақта мемлекеттік қызмет қатары мемлекет есебінен жұмыс істейтін білім беру мекемелерінің үздік түлектерімен толықтырылатын болады. Бұл үрдіс 2023 жылдан бері қолданыста. Аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік органдардың төменгі лауазымдарына жоғары оқу орындарын үздік тәмамдаған түлектердің кіруіне мүмкіндік берілді.

Бүгінгі күні Жетісу облысының аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік органдарына 25 жас түлек қызметке қабылданды. Мұндай тәсілдің жастардың мемлекеттік қызметке деген қызығушылықтарын арттыратыны сөзсіз.

Бұған қоса, биылғы жылы өңірлік деңгейде кадр резервіне іріктеу жүргізіліп, өңірімізде бәсекелестікті орнататын 20 тұлға резервке алынды. Бүгінгі күні резервшілердің үшеуі басшы лауазымдарға тағайындалып та үлгерді.

Конкурстық іріктеу - мемлекеттік органдарда жұмыс істеу үшін құзыретті кандидаттарды іріктеуге мүмкіндік береді, мемлекеттік қызметті кәсібилендіруде шешуші рөл атқаратыны сөзсіз.

Бүгінгі күні бұл іріктеу жүйесіне де жаңашылдықтар енгізілген. Конкурстық іріктеудің жаңа нысаны бойынша, іріктеу процесстерін цифрландыру арқылы аталған рәсім жеңілдетілді, адами факторлар барынша азайтыл-

ды, кандидаттарға іріктеуге қатысуға мүмкіндік пайда болды. Нәтижесінде, мемлекеттік қызмет тартымдылығы екі есеге артты. Өңірдегі мемлекеттік органдарға аталған іріктеудің жаңа жүйесін алдағы жылы енгізу жоспарлануда.

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту кәсіби даму мен құзыреттерді жетілдірудің басты бір бөлігі болып табылады. Оларды оқытуды Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы және оның өңірлік филиалдары жүзеге асырады.

Өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің отыз пайызы жыл сайын біліктілігін арттыру курстарынан өтіп тұрады. Ағымдағы жылдың 9 айында 430 мемлекеттік қызметшілер біліктілігін арттыру курстарынан өтсе, 90 мемлекеттік қызметші қайта даярлау курстарынан өтті.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау жүйесі мемлекеттік қызметшілерге төленетін бонустардың мөлшерін айқындайтын және олардың жұмысын тоқсан сайын бағалаудың тетігі болып табылады. Сонымен қатар, бұл - мемлекеттік қызметшілердің жоғары тұрған лауазымға ілгерілеуіне, яғни төрт тоқсан бойы жоғары нәтиже көрсеткен мемлекеттік қызметші келесі лауазымға тікелей тағайындалуына мүмкіндік береді. Осылайша, ағымдағы жылдың 9 айында өңірдегі 12 қызметші лауазымында ілгеріледі.

Тұжырымдамада еңбекақы төлеу жүйесі де өзгеретіні айтылған, алдағы уақытта ол мемлекеттік қызметшілердің алған дағдылары мен білімдері үшін әділ сыйақыны қамтамасыз ететін көлденең мансаптық ілгерілеумен байланысты болады деп күтілуде.

Тұжырымдама мемлекеттік қызмет саласында болатын тың өзгерістерге толы. Нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің жұмысына халықтың қанағаттанушылығы артып, мемлекеттік қызметке тең қолжетімділік қамтамасыз етіліп, мемлекеттік қызметке жеке сектор өкілдерін тарту мүмкіндіктері кеңейіп, көлденең мансаптық ілгерілеуді енгізу есебінен мемлекеттік қызметтің тартымдылығы артып, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік пакетке және мотивациялық жүйеге қанағаттанушылықтары артады деген жоспар тұр.

Мұндағы негізгі мақсат дарынды адамдар үшін мемлекеттік қызметтің тартымдылығын арттыру, патриотизмнің жоғары стандарттары мен ұлттың мүдделеріне адал қызмет етуді біріктіретін кадрлар санын арттыру болып табылады.

**А.ДОСЫБАЕВА,**  
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің бас маманы.**

## Жетісуда "Жаркент - Қорғас" автомобиль жолының негізгі учаскесі ашылды

Жетісу облысы Панфилов ауданында ұзындығы 32 шақырым болатын «Жаркент-Қорғас» автомобиль жолының негізгі учаскесі салтанатты түрде ашылды. «Нұр жолы» кеден бекетіне, «Қорғас» ХШЫО-ға, Алтынкөл станциясына, «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА-ға баратын автокөліктер легі дәл осы жол арқылы жүреді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Автомобиль жолы қай кезде де елдің инфрақұрылымының маңызды бөлігі болып саналған. Мұндай негізгі артериялар тек жергілікті тұрғындардың ғана емес, көптеген туристердің де кедергісіз қозғалысына ықпал етіп, сонымен қатар экономиканың дамуына, басқа аймақтармен байланысты нығайтуға оң әсерін тигізеді. Бұл ретте шекаралас Панфилов ауданы да осы игі үрдістен тыс қалған жоқ.

Ұзындығы 32 км. болатын «Жаркент - Қорғас» жолы учаскесі Панфилов ауданының Қырыққұдық, Ақкент, Ават, Атамекен ауылдары арқылы өтеді. Бұл жол өткен ғасырдың 60-70 жылдарында салынғандықтан, соңғы жылдары көлік жүргізушілер мен жергілікті тұрғындарға біршама жайсыздық туғызған еді. Бұл ретте тұрғындар

жөндеу жұмыстарының басталғанын қуана құп алып, құрылысшыларға барынша қолдау көрсетті.

Құрылыс жұмыстары осы жылдың шілде айында басталып, белгіленген мердігер ұйымының жол жөндеушілері Жетісу облысы «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ филиалының таспырысымен жұмыстарды бес айдың ішінде аяқталды.

Өңірдің инфрақұрылымын дамыту және жолдардың сапасын көтеру мақсатында был біз Қорғас ауылынан Жаркент қаласына апаратын ескі жолға орташа жөндеу жүргіздік. Жоба аясында жаңа екі қабатты асфальт төсеу есебінен жол төсемінің сапасы жақсарды.

Жол бойындағы елді мекендерде тротуар төселді, жарықтандыру, жаңа жол белгілері мен ақпараттық панельдер орнатылды, жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін белгілер қойылды, - дейді «Қазавтожол» АҚ облыстық филиалының директоры Нұрхат Ақылтаев.

Жолдың ашылу рәсіміне қатысқан ауыл тұрғындары алғыстарын білдірді. Үлкеншыған ауылдық округінің Қоғамдық кеңесінің төрағасы Тойлыбай Домбағұлов «Жаркент-Қорғас» жолының ұзына бойына тротуарлар, жаяу жүргіншілер өткелдері,

жарықтандыру жасалғаны ауыл тұрғындары үшін қолайлы жағдай туғызғанын атап өтті. Оның айтуынша, жол сапасын күн сайын көлігімен әрлі-берлі сапарлайтын Жаркент жүргізушілері де оң бағалап отыр.

Жалпы облыс аумағында республикалық маңызы бар автожолдарды қайта жаңғыртуға бағытталған ірі жобалар іске асырылуда. «Үшарал-Достық» республикалық маңызы бар жол пайдалануға берілді. Жуырда «Талдықорған – Үшарал» автожолын қайта жаңарту аяқталды, ондағы жұмыстар 98%-ға орындалды, нысанды толық аяқтау 2024 жылдың соңына жоспарланған. Сондай-ақ, Республикалық маңызы бар «Сарыөзек – Көктал» және «Айдарлы-Көктал» автожолдарында жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар осы жылы облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын дамытуға 24,9 млрд. теңге бөлінді. Бұл қаражатқа 29 жоба іске асырылуда, оның арасында 193,4 км жол жөнделеді.

Осылайша, 2024 жылдың соңына қарай жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті автомобиль жолдарының үлесін 94% жеткізу жоспарланған.

## Жетісу облысы мен ҚХР Шыңжаң – Ұйғыр автономиялық ауданы арасында "Қорғас" траншекаралық туристік аймағын бірлесіп құру жөнінде Меморандум жасалды

Қазақстанның Жетісу облысы мен Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы арасында бауырластық орнату туралы келісімнің аясында «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының Қытай жағындағы бөлігінде «Қорғас» ШЫХО қызметін үйлестіру механизмінің өңірлік деңгейдегі бірінші отырысы өтті. Жиын аясында «Қорғас» траншекаралық туристік аймағын бірлесіп құру жөнінде Меморандум жасалды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Еске салсақ, Қазақстанның Жетісу облысы мен Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы арасында осыдан бір жыл бұрын «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін үйлестіру механизмін құру жөніндегі құжат қабылданған болатын. Аталған механизмнің бірінші рет өткізіліп отырған өңірлік деңгейдегі алғашқы отырысына екі елдің аталған өңірлерінің ресми делегациялары қатысты.

Жиында екі жақты сауда - экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Бұл ретте жетісулық ресми өкілдер Қытайдан ТМД елдеріне, Еуропа мен Азияға шығатын маңызды бағыттардың қиылысында орналасқан экономикалық өсудің екі нүктесінің бірі Қорғас бағытын дамыту мәселесіне ерекше назар аударды. Соның ішінде «Нұр жолы» өткізу пунктін, «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының және «Қорғас» ШЫХО-ның маңызы зор. «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағында «KTZE-Khorgos» «KTZE-Khorgos Gateway» құрғақ порты жобасы жүзеге асырылып, қазіргі таңда Қытай инвесторларының қатысуымен индустриялық парктің құрылысы жоспарлануда. Сонымен қатар арнайы экономикалық аймақ аумағында құны 250,0 млрд. теңгені құрайтын жүк және жолаушылар әуежайының құрылысы бойынша Қазақстан-Германия бірлескен жобасын іске асыру көзделген.

Сол сияқты «Нұр жолы» өткізу пунктінде инфрақұрылымдық және өткізу қабілетін арттыру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Электронды кезек жүйесі енгізіліп, жұмыс тәулік бойғы режимге көшті, нәтижесінде өткізу қабілеті екі есеге артып, күніне 800-ден 1600 көлікке дейін ұлғайды.

«Қорғас» ШЫХО-да жүктерді қабылдау пункттері мен рентгендік тексеру автоматтандырылды, қабылдау пункттерінің саны 6-дан 9-ға ұлғайтылып, жүк легі 40% артты. Соның нәтижесінде бұрын орталыққа күніне орта есеппен 2500 адам келсе, бүгінде келушілер саны 6000 - 8000-нан асады.

Бұл ретте облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатовтың айтуынша, орталықтың инфрақұрылымын жақсарту кезек - кезеңінен іске асырылып жатыр. Мәселен, кварталішілік жолдарды және көріздік сорғы станциясының бірінші кезеңін күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Сонымен қатар газ құбырын салу жұмыстары басталып кетті.

Сондай-ақ, Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық байланыстарды жетілдіру жайын айта келе, жетісулық тарап сауда рәсімдерін жеңілдету үшін ынтымақтастық орталығында бірлесіп зертхана салу, шекаралық аймақта заңдылықтың сақталуына бірлесіп жұмылу, «Қорғас» ШЫХО жұмысына қатысты екі жақты ақпарат алмасу сияқты мәселелерді көтерді.

Осыған қатысты қытайлық тараптан Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы ауданының Халық үкіметінің төрағасы Эркин Тунияз ұсыныстарды бірлесіп қарауға дайын екендіктерін айтты. Сол сияқты Қытай делегациясы өкілдері Қазақстандағы «Қорғас» ШЫХО-да инфрақұрылым құрылыстарына, траншекаралық электрондық коммерцияны және бизнестің басқа да форматтарының аясын кеңейтуге қолдау көрсету, ынтымақтастық орталығының аумағында екінші өткел ашуға ықпал ету, сол сияқты шекаралық аймақта туристік ынтымақтастықты дамыту туралы ұсыныс білдірді.

Сондай-ақ, жиын соңында екі мемлекет басшыларының бірлескен бастамаларының лайықты іске асырылуына бар күш-жігерлерін салатынын айтқан қос тарап бұл кездесу екі жақты сауда-экономикалық,



Мәдени-туристік, ғылыми-техникалық, сол сияқты ауыл шаруашылығы бағытындағы байланыстарды тереңдету түсетініне сенім білдірді.

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының қызметін үйлестіру механизмінің өңірлік деңгейдегі бірінші отырысының қорытындысында тараптар «Қорғас» траншекаралық туристік аймағын бірлесіп құру жөнінде» Меморандумға қол қойды. Соның негізінде тараптар ынтымақтастық аймағы аумағында туристік жобаларды ілгерілетуде ынтымақтастық, әрбір тараптың туристік бағыттарды әзірлеудегі міндеттерін айқындауға, сондай-ақ туристерді тартуға бағытталған көрме, туристік фестиваль, форум сияқты іс-шаралар ұйымдастыруға ниетті.

Жиыннан соң жетісулық ресми делегация ынтымақтастық орталығындағы Автокөлік көрме орталығына барды. Бұл орталықта Қытайдан шығатын автокөліктер мен оған қажетті түрлі бөлшектер саудаланады. Қытайлық тарап мұндай көліктерге қызмет көрсететін сервистік орталықты қажет жағдайда Жетісу облысынан ашуға болатынын жеткізді.

Бұдан әрі ауыл шаруашылығы өнімдерін инспекциялайтын карантиндік зертхананың салынуы жатқан құрылысы көрсетілді. Белгілі болғандай, бұл нысан екі ел арасында ортақ техникалық стандарттың жұмыс істеуіне, яғни қазақстандық араларлық өнімдердің тексеруден өткізіліп, экспортталуына жол ашпақ. «Бір өнім – бір сертификат» принципі негізінде бұл зертхананың сертификаты екі елге де жарамды болады. Бұл нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі.

Сондай-ақ, ынтымақтастық орталығы аумағындағы екінші өткел салынуын орын белгіленген. Қытайлық тарап құрылысын жүргізетін бұл өткел екі елдің сауда айналымының ұлғаюына оң ықпалын тигізетін болады.

Жалпы «Қорғас» ШЫХО-дағы инфрақұрылымды жақсартудың нәтижесінде орталыққа тартылған инвестициялардың жалпы көлемі қазақстандық бөлікте 2023 жылмен салыстырғанда 87%-ға ұлғайып, 256 млрд. теңгені құрады. Инвесторлар саны 19-дан 31-ге өсіп, іске асырылатын жобалар саны 26-дан 41-ге дейін жетті. Қазіргі уақытта жалпы құны 13,3 млрд. теңге болатын, 150 жұмыс орнын құрған 6 жоба толық пайдалануға берілді. Сонымен бірге жыл соңына дейін алаңы 8 мың шаршы метр, құны 3 млрд. теңге болатын сауда орталығын ашу жоспарлануда. Оған қоса 2027 жылға дейін құны 240,0 млрд. теңге болатын тағы 34 жобаны іске асыру мәжелеген, соның нәтижесінде 2 мыңнан астам жұмыс орны ашылады.

Еске салсақ, өткен жылдың сәуірінен биылғы қарашаға дейін «Қорғас» ШЫХО-ға 2,4 млн. адам келді, 36,7 мың тонна жүк тасымалданды, 217,4 млн. теңге сомаға кедендік төлемдер төленген.

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ**



## ЖУРНАЛИСТІҢ ЖОЛ ДӘПТЕРІНЕН

Тамыз айының тамылжыған күндерінің бірінде жер жөннатының жұмағына айналған Көкшенің кербез сұлуы – Бурабай шипажайына демалудың сәті түскен еді. Көркіне көз тоймайтын ғажап жер талай ақиық ақын – жазушылардың сүйікті шығармаларына айналған. Бұл талай дертке шипа болған, Абылай ханның тас тағы тұрған, қойнауы тарихқа толы қасиетті өлке.

Иә, адамзат бар жерде түрлі аңыздар да қатар жүреді емес пе. Сондай аңыздардың бірінде бұл аймақ әуелде құм басқан не суиен дала болыпты. Алла Тағала жер дүниені таратып орман – тоғай, тау – тас, дөрия – өзен су мен нуды сыйлап, келе жатқанда дәл осы жерге жаратушының сыйы жетпей қалыпты. Ұлардай шулаған ел Алла Тағалаға жалбарынып, ең құрмаса қоржыныңыздың түбінде бір уыс болса да сыйыңыз қалған шығар деп жалынып сұраған дейді. Сонда Алла Тағала: – Сендерге берер сыйым шындығында жетпей қалды. Өйтсе де осынша Аллаға сүйініп,

жалбарынғандарыңды ескеріп көрейін деп қолың қоржының түбіне салып, бар болғаны бір – ақ уыс сыйын алып шығып, – Мынау жұмаққа апара жатқан сыйдан алынды, аз деп ренжімендер, бұл өлке жер үстінің жұмағына айналсын – деп уысындағы сыйын шашып жіберіпті. Ілезде көк тіреген көкше таулар мен орман – тоғай жайқалып, көздің жауын алып күнге шағылысқан айнадай сексен көлі бар ғажайып табиғат орнай қалған, – деседі.

Иә, аңызды да адамдар ақиқатпен айтқан ба деп қаласың. Өйткені, бұл өлкенің бір жағы көдімігі сары дала – Сарыарқа,

Сонымен атақты шипажайға келгендер бір - бірімен танысып, білісіп, тең – теңімен дегендей өзара әңгіме дүкен құруда. Жаңадан келген біздер, яғни, үш ақсақал – бірі қостанайлық Молдәулет, екіншіміз өскемендік Дүйсенбі, үшіншісі мен жансүгіровтік Дүйсен өскемендікпен аттас болып күліп жатырмыз. Бұл екі ақсақал көпті көрген, ой түйген, көздері қарақты, қай орта болса да сөздері жарасты, әдебиетке, мәдениетке, тарихқа жақын терең ойлы жандар екен. Алғашқы күннен – ақ, өзіл – қалжыңымыз, әңгімеміз жарасып кете барды.



АҚСҰЛУ АҚЫН

Мұнан кейінгі әңгімеміздің арқауы Ақсұлу ақын жайлы болды. Әңгіме арасында Молдәулет маған қарап, сен журналистсің ғой, менің Ақсұлу ақын жайлы айтқан деректеріңді ойыңа жинақтап, өзің де тың деректерді іздестіріп тауып, ақынның өмірі мен Кеншімбай ақынмен айтқан өнерін аудандық газетіңе берсең еліміздің бір шеті қостанайлықтар Ақын Сара апамызды енді бір шеті жетісулықтар ақын Ақсұлу апамыздың өмірлерін біліп жатса кейінгі жастарға да үлгі болып қалар деген ұсынысын да айттып қалған еді.

Қиырдағы қостанайлық ақсақалдың

– міншіл, нағашы жұртың – сыншыл. Жақсы болсаң мақтанар, жаман болсаң шақтанар» – деп көсілсе, Ақсұлу Башқұрт батыры Салауаттың жорығына қосылған қазақ батыры Жантас туралы шабыттана жырлайды. Ақсұлу бұдан кейін де ұстазымен бірнеше мәрте айтқан көрінеді. Осындай айтыстардың бірінде Ақмолла өз қолымен жасаған күмістеген ерін Ақсұлуға сыйға тартқанын, ал, Ақсұлу өз қолымен едіптеген қазақы шапанды ұстазының иығына жапқаны жайлы деректер де кездесті.

Атақты жазушы Сәбит Мұқанов үлкен баға берген Ақсұлу – Кеншімбай айтысы барлық қазақ айтыстары ішіндегі ең шоқтығы биік сөз барымтасына жататынын айтулы ғалымдар да, белгілі ақын – жазушылар да мойындаған көрінеді. Атап айтсақ, Сәбит Мұқанов «Айтыстар туралы» деген еңбегінде XIX ғасырдың айтыстарын жасаушы ақындардың көпшілігі тарихқа мәлім екенін айта келіп, ақын қыз – келіншектердің аты сақталғандардың ішінде Ақсұлуды ерекше атап өтіп, оның Кеншімбаймен айтысына үлкен баға береді.

Айтулы айтыстарды тілге тиек еткен Сәбең «Біржан - Сара» айтысынан кейін Ақсұлу – Кеншімбай айтысын екінші орынға қояды. Осы сияқты айтыс өнеріне терең талдау жасаған ғұлама Мұхтар Әуезов үлгілі айтыстар қатарына Ақсұлу – Кеншімбай айтысын да жатқызады. Ақсұлу жырлары мен айтыстарын терең үңіліп оқыған адам оның парасат жағынан өз заманындағы көп ақыннан озық болғанын аңғартады. Сол заманда ауыл өміріне дендеп ене бастаған алыпсатарлық, паракорлықты

# АҚЫН САРАМЕН ТАҒДЫРЛАС АҚСҰЛУДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ



СУРЕТТЕ: Оңнан солға қарай қостанайлық қоғам белсендісі Молдияр және өскемендік Дүйсенбі ақсақал.

## МОЛДӘУЛЕТТІҢ ӘҢГІМЕСІ

Осындай емен – жарқын әңгіменің бірінде қостанайлық Молдәулет ақсақал мынандай бір әңгімені айтқаны бар:

– Сен атақты Илияс Жансүгіровтың жеріненсің ғой. Сендерден дүлділ ақын Сара апайларың шыққан жоқ па? Міне осы атақты Біржан – Сара айтысындағы Сараның сөз өнері мен өміріндегі кездесетін трагедиясы біздің өлкедегі атақты ақын Ақсұлудың өмірі өте ұқсас екен, – деп Біржан мен Сара айтысының мына бір жолдарын жатқа айтқан еді:

### Біржан:

Ақиық мұзбалақпын жерге түспес,  
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес,  
– десе,

### Сара:

Ей, Біржан атта болдың, құс та болдың,  
Қалайша мақтан сөзге ұста болдың, – дегенде,

### Біржан:

Алтайдан түлеп ұшқан ақиықпын,  
Топшың мен қанатыңды қимай түспес,  
– деп шүйілгенде,

### Сара:

Қамысты терең көлдің сұқсырымын,  
Қаңғырған ілдірмеймін қаршығаға, – демеі ме. Енді бірде Сараның тықсырып бара жатқанын байқап:

Мен Біржан қызға барман аяғымнан,  
Шын қызсам дәуірлеймін баяғымнан.  
Сайтаныңды қағатын екең келді,  
Дәндөспің Наймандағы саяғыңнан – деп қатты кеткенде, Сара:

Сен Біржан қаңғып жүрсің қайдан келіп,  
Түскендей аспандағы айдан келіп.  
Қарны ашқан қырсығы бар еркек мысық,

Сасық дер шаңырақтағы майдан жеріп – деп мысқыл сөздермен мұқатпаушы ма еді.

Өздерің де білесіңдер осы айтыста сөзден тосылып бара жатқан Біржан Сараға кемтар күйеуін бетіне басып, мықты болсаң әкеп көрсет саяғыңды – деп тұқыртатыны бар ғой. Мұны айтып отырғаным біздегі Ақсұлу мен Кеншімбайдың айтысына өте ұқсастығы. Кеншімбай да Ақсұлу ақынды күйеуін айтып сүріндірмек болса да жеңілгенін мойындайды. Ал, Сараның сұлулығын оған ғашық болған ақын Өріптің жазған хатынан оқып едім. Сонда мынадай жолдар бар екен.

Қалам бармақ майысып іс тіккенде,  
Денеңе ине балқып өте алмаған.  
Мен түгіл жансыз темір нұрыңа мас,  
Қасыңнан сөкпе мені кете алмаған...

Сол сияқты, ғашықтықтың дертінен Құдайберген деген ақынның өлеңінде де:

Қырмызы қызыл пүліштей,  
Қыздардың сұлу Сарасы.  
Сымға тартқан күмістей,  
Он саусақтың саласы.

Қалам бармақ, жез оймақ,  
Ине ұстасаң жарасқан,  
Кесте салсаң біз оймақ,  
Қызыға қыздар қарасқан... – деген асыл сөздер ақын Сараның ғажап сұлулығын, шеберлігін аңғартып отыр ғой.

Ақсұлу да дәл ақылына көркі сай жан болыпты – деп әңгімесін аяқтаған қостанайлық Молдәулетке қасындағы біздер оның ішінде әсіресе мен Ақын Сара апамыз жайлы деректер мен айтыс өлеңдерін жатқа айтып, таңқалдырғанына таң тамаша болғаным бар.

Ақын Сара туралы терең ойлы әңгімесінен кейін мен де біраз уақыт Ақсұлу ақын жайлы деректерді іздестіріп, жинақтаған едім.

Бір қызығы шындығында Ақсұлу ақынның өмірі, өскен ортасы дәл Ақын Сарамен пара – пар десе болады. Мындап мал айдаған, Қарағашта мектеп салдырған Маман – Тұрысбектерді есіңе түсіреді.

Сонымен атақты Ақсұлу ақын Қостанай жақтағы Қарасу ауылында 1873 жылы өмірге келіпті. Өскен ортасы өлең – жыр десе ішкен астарын жерге қоятын Жағалбайлы ішіндегі Балқожа әулеті екен. Әкесі Орысбай деген кісі сал – сері атаныпты. Араб жазуымен хат таныған, көзі ашық ақын қыздың жан – жақты өсуіне ұстазы Ақмолланың үлкен әсері болған. Ол қарағайдан қиып үш бөлмелі мектеп салдырып, Ақсұлу сияқты зерек шәкірттеріне Құран аяттарын жаттатумен бірге орыс, араб, парсы тілдерін үйретіп, өлең жазудың әдіс – тәсілдерін, теориясын да оқытыпты. Ақмолланың өзі қазақ, башқұрт, татар халықтарының ортақ ақыны екен.

Ақсұлу жастайынан әкесінің қасында жүріп, ел билігіне де араласыпты. Осы

әшкерелеумен бірге әйел тағдырына, теңдігіне ерекше мән беріп, көршілес орыс, татар, башқұрт халықтарының тұрмыс – салт, мәдениетімен жақын таныс болғанын, олардың жақсысын үйреніп, жаманынан жиренуге шақырғанын байқауға болады, – дейді ұлы жазушы.

Енді ұлы жазушылар жоғары баға берген айтыстың қысқа – нұсқасына назар аударайық.

### Ақсұлу:

Кеншімбай өлең іздеп келдің қайдан?  
Ала үйрек алма мойын ұшар сайдан.  
Келгенде қырық жасқа өлең іздеп,  
Мойнвңа мінген екен ала сайтан.

### Кеншімбай:

Бұл тойға мен келмедім көп әкелді,  
Бірге жүр осы тойға, – деп әкелді.  
Сіздерге тай бұқалар жарамайды,  
Болмаса көрі бұқа – деп әкелді.

### Ақсұлу:

Кеншімбай неменеге бұлғақтайсың,  
Сай ма еді төрт құбылаң, сырғақтайсың.  
Келгенде қырық жасқа өлең іздеп,  
Ақыным, сен қайтерсің жын қаққасын.

## Атақты Біржан – Сара айтысынан кейін Ақсұлу – Кеншімбай айтысы екінші орындағы айтысы.

СӘБИТ МҰҚАНОВ.

өлкенің атақты болысы Ермағамбетте белгілі ақын болып, Орынбордың атты әскерін, мыңдаған жылқысымен қамтамасыз етіп отырған атақты шонжар болыпты. Жылқысының көптігінен сол маңайдағы казактардың егініне қайта – қайта түсе берген соң станицадағы казактармен – қазақ ауылдары арасында егес туа бастайды. Оған болыстың өзі араласып, қарымта қайтару үшін Қызыл деген қаласына өрт қояды. Осындай тартысты сәтте екі елдің арасын ұшықтырмас үшін Ақсұлу бір тойда ақын Ермағамбет болысқа өзі соқтығып айтысады. Осы айтыста «Орыстың бетке соқпа орыстығын» деген жырын айтып, екі елді сабырға шақырып, жеңіске жетіпті.

Ақсұлу көпшілік жұрттың өтініші бойынша ұстазы Ақмолла ақынмен айтыстырмақ болғанда әуелі айтыстан бас тартады. Ұстаз алдында әдептен аспаймын деп уәж айтады. Сонда Ақмолла:

Сыйлағаныңа рахмет! Олай болса айтыстың жаңа түрін ойлап шығарайық. Яғни, ақын үш нәрсені: «Адамгершілікті – елдің ұйытқысы, батырлықты – елдің қазынасы, сұлулықты – елдің көркі» – жырлауы керек, – дейді. Осы айтыста Ақмолла ақын өзінің үш елдің баласы екенін жырға қосып: «Өз елің – күншіл, қайын жұртың

### Кеншімбай:

Мен өзім той дегенде тоймаушы едім,  
Өлеңді қой дегенде қоймаушы едім.  
Ақсұлу сен жеңдің ғой, мен жеңілдім,  
Ешкімге бой бермен деп ойлаушы едім.

### Ақсұлу:

Кеншеке неменеге жүрсің тасып,  
Келіп ең біздің елге қарның ашып.  
Алған соң біздің елден әбден тойып,  
Жеңем деп Ақсұлуды дабыл шашып.  
Кеншеке шамаң келсе тағы айтыс,  
Өлеңмен жіберейін Сібір асып.

### Кеншімбай:

Ақсұлу айтысам деп тұрсың тасып,  
Сенімен айтыспаймын сырым шашып.  
Елімнен шығып едім бір себеппен,  
Сағындым ел – жұртымды, болса нәсіп.

Тұрушы ем менің өзім Сыр бойында,  
Барушы ем ондағы қыз тойына.  
Елімнен бір себеппен жалғыз шықтым,  
Кіне ғып тағып қойдың сен мойныма.

### Ақсұлу:

Кеншеке жүруші едің судай тасып,  
Сөзінен Ақсұлудың қалдың сасып.  
Жеңіліп Ақсұлудан қалғаннан соң,  
Кеншімбай біздің елден кеттің қашып.



## ЖУРНАЛИСТІҢ ЖОЛ ДӘПТЕРІНЕН



Сонда Кеншімбай Төлеміс мырзаға былай деген екен:

Бұл Жайық ел жайлаған жай екен ғой, Жайықта Жағалбайлы бай екен ғой. Әрқайсы бір мыңдаған жылқы айдаған, Еліңнің төрт құбыласы сай екен ғой.

Жаз болса ақ боз үйін тігіп тастап, Кәрі – жас іздейтіні той екен ғой... – деп, қайым айтыс түрінде өткен айтыс сөз барымтасының бір қырын көрсетіп, айтысты аяқтапты.

Кеншімбай ақын Ақсулумен айтысар алдында қызды алғаш көрген кездегі жүрексініп қалғанын жасырмай ойын өлеңмен былайша өрнектелті:

Шықтым да сиыр жылы келдім Орға,  
Хат жаздым темір қалам алып қолға.  
Хакімге жұрт иесі писарь болып,  
Атандым төрт аяғы бірдей жорға.  
Ауылында Жағалбайлы ақын қыздың,  
Естідім Ақсулудың даңқын сонда.  
Жұрт маған мына тойды баста деді,  
Айтысып ақын шықса баспа деді.  
Бір қыз бар аты Ақсулу біздің елде,  
Он жеті осы биыл жаста деді.  
Айтысып осы қызды жеңе алмасаң,  
Сен онда ақындықты таста деді.  
Қойып па ең ақыныңды маған сақтап,  
Қашаң хор қызындай тұлғасы да.  
Жағалбайлы жеті ру жаман елсің,  
Шуылдап бір қызыңды сонша мақтап...  
Қайыны Есірқожа, Адай деді,  
Лайық берген жері оған деді.  
Аққожа Балқожадан асқан бала,  
Өзі де аса көркем шырайлы еді.  
Сымбаты өзге қыздан озығырақ,  
Аққуба, бидай өңді, қынай белді.  
Ол қызбен айтысам деп әуре болма,  
Айтысып жеңе алмайсың оңай деді.  
Ол қыздың еш міні жоқ өз басында,  
Қарасаң хор қызындай тұлғасы да.  
Он – он бес қошеметке сәндік үшін,  
Ереді барса тойға қыз қасына.  
Дәрежесі өзімен тең болмаса,  
Керіліп сөз айтпайды болмашыға.  
Өзіне сенген адам айтысады,  
Жетсе көзі жеңіліп қалмасына.  
Көрген жан ішпей – жемей болады мас,  
Аққуба бидай өңді, бір қиғаш қас.  
Өзі дағы нақ биыл он жетіде,  
Бойында жалғыз міні – күйеуі жас...  
Үш жігіт төрт – бес қызбен барып келді,  
Ақынды Ақсулудай алып келді.  
Қызығын екі ақынның көреміз – деп,  
Жиылып тамашаға халық келді.  
Қарасам қыздың түрін енді байқап,  
Манағы жігіт сөзі анық келді.  
Отырмын жүрексініп айтысуға,  
Артықша қыздың өзі дәріпті еді...

## АҚСУЛУДЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ

Ғажайып қыздың айтыста суреттелген кескін – келбетіне назар аударып, ойымыздың тұңғығына үңілсек аққуба бидай өңді, қынай белді, қиғаш қас, сүмбіл шаш нағыз арудың бейнесі көз қарықтырады.

Амал не, азапты тағдырдың уын, зар заманның запыранын жұтып, сағыныштан сарғайып, көкірегі қарс айырылып, қорлықтың салмағын көтере алмай қамшының сабындай қысқа ғұмыр кешкен, кеше ғана еліктің лағындай еркін өскен бұла қызға қандай бұғау салынған еді?

Жастай атастырған күйеуі мезгілсіз қайтыс болып, әмеңгерлік заңымен оның қатігез ағасына қосақталған қыз тағдыр шынжырын тас – талқан бұзып шығуға әрекет жасайды. Жесір дауында өзін – өзі қорғауға шыққан ақын қыздың өткір сөзі ел – жұртын елжіреткенмен, елге әңгір – таяқ ойнатып, қожа болып отырған бай – болыстарға әсер етпейді. Ақсулу болса өзімен айтысып, айтыста қыз басынан мін таппай атастырған күйеуін бетіне салық қылған, бірақ Ақсулудың өз басын ер жігіттен кем көрмеген Кеншімбайды өзіне тең санап астыртын сөз байласып, бір түнде Кеншімбай алып қашады.

Қос ғашықтың қызығы ұзаққа бармайды. Кеншімбай алыс сапарда жүргенде қыздың ауылын жансыздар арқылы біліп, әмеңгері Адай байдың баласы Қойкелді мырза Ақсулуды байлап – матап ауылына алып кетеді. Келе айықпас дертке ұшырап, құсадан қамыққан Ақсулудың бойына біткен перзенті Құлматайды да туа сала қатігездікпен анасына көрсетпей, еміздірмей, бәйбішенің бауырына басады. Сөйтіп, босанғанына үш күн өткеннен кейін тұла бойы тұңғышын еміреніп емізіп, иіскей де, көре де алмай есіл ақын, ару ана жиырма жасында өмірімен құсалықпен қош айтысыпты.

Дереккөзде Ақсулудың ұлы Құлматай Адаев қазақтан шыққан тұңғыш зәңгер, әрі Сұлтанмахмұт Торайғыровпен, Мұхаметжан Сералинмен дос болыпты...

**Дүйсен МҰХАМЕТШАРҰЛЫ,**  
**Қазақстан Журналистер**  
**одағының мүшесі,**  
**Ақсу ауданының**  
**«Құрметті азаматы».**

Жансүгір – Бурабай – Жансүгір.

МЕНИ ДЕ БАЛАМЫЗ  
ДЕП ЕСКЕ АЛ,  
ЖҰРТЫМ

Аңдатпа: Бұл мақала Ақын Сара Тастанбекқызының шығармашылық мұрасын зерттеуге арналған. Ақынның өмірі мен шығармалары қазақ әдебиетінде ерекше орын алады. Мақалада оның өлеңдерінің тақырыптық ерекшеліктері, әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі және әйелдер мәселесін көтерген туындылары талданады. Сонымен қатар, ақынның айтыс өнеріндегі шеберлігі мен оның қазақ қоғамындағы орны жан - жақты қарастырылады. Сараның көркемдік тәсілдері мен бейнелеу құралдары да мақаланың басты назарында болады.

**ТҮЙІН СӨЗДЕР:** Ақын Сара, шығармашылық мұра, айтыс өнері, қазақ әдебиеті, әлеуметтік әділетсіздік, әйелдер мәселесі, поэтикалық шеберлік, ұлттық рух.

Қазақ әдебиетінің тарихында өз орны бар көрнекті тұлғалардың бірі — Ақын Сара Тастанбекқызы. Оның шығармашылығы қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алады және бүгінгі ұрпаққа құнды мұра ретінде сақталған. Сараның өлеңдері мен айтыстары сол заманның әлеуметтік мәселелерін қозғап, әділетсіздікке қарсы тұрып, қоғамдағы теңсіздікті бейнелейді.

Ақын Сара Тастанбекқызының өмірі ауыр тағдырлы болды. Оның отбасы әкесі Тастанбек қайтыс болғаннан кейін жоқшылық пен әділетсіздіктерге тап болды. Сарбас бидің қиянаты мен қысымына қарамастан, Сара өз талантын дамытып, елдің мұң - мұқтажын өлеңдеріне арқау ете білді. Оның шығармашылығы сол кезеңдегі әлеуметтік қайшылықтарды бейнелейді және халықтың ауыр тұрмысын сипаттайды.

Ақын Сара поэзияда адамгершілік құндылықтарды насихаттап, әділетті қоғам құруға үндейді. Оның шығармаларындағы бейнелі сөздер мен көркемдік құралдар ақынның шеберлігін көрсетеді. Ақынның шығармаларында жиі кездесетін табиғат суреттері, махаббат сезімі және әлеуметтік мәселелер қазақ поэзиясына тән сипаттармен үндесіп жатады. Мысалы, оның "Тұзақ" өлеңінде әділетсіздік пен қиын тағдырдың салдары бейнеленеді. Бұл өлеңде Жайсаңбекке қарсы жасалған қиянат көріністері арқылы ақын халықтың басынан кешкен ауыр кезеңдерді сипаттайды. Өлең жолдары күрделі әлеуметтік проблемаларды ашып көрсетеді:


"Сыбыр сөз, сылсың ерін өсекқойлар,  
Бірінен онды өрбітіп, тудырып ойлар.  
Шаладан өрт тұтатса да өкінбейтін,  
Қыдырымпаз күнде іздейтін қызық тойлар."

Сараның лирикалық өлеңдері де ерекше орын алады. Оның махаббат, табиғат, туған жер туралы жазған өлеңдері оқырманды терең сезімге белейді. Мысалы, "Жүрек" өлеңінде екі жастың арасындағы нәзік сезім мен әлеуметтік шектеулердің әсері бейнеленген. Ақын бұл шығармасында махаббаттың күрделі тұстарын, жастардың арманы мен қайғысын шынайы жеткізе білген.

Ақын Сараның шығармашылығында туған жерге деген махаббат ерекше көрініс табады. Оның "Шымылдық" өлеңінде табиғаттың сұлулығы суреттеледі. Ақын туған өлкесінің табиғатын шынайы махаббатпен жырлай отырып, қоршаған ортаның әсемдігін көрсетеді. Бұл өлеңдер табиғатты аялау мен оған құрметпен қарау идеясын насихаттайды.

"Жоңғардың жотасын тең екі жара,  
Талқандай тау кеудесін аққан Қора.  
Жарасып, жасыл жайлау ортасында,  
Арқырайд асау тасқын, күшке тола."

Сараның ақындық өнерінің ең жарқын шыңы – Біржан салмен өткізген айтысы. Бұл айтыс қазақ әдебиетінің классикалық үлгілерінің бірегейі ретінде бағаланады, өйткені ол сөз өнерінің шыңына жеткен ерекше туынды болып табылады. Біржан мен Сараның айтысы екі ұлы тұлғаның шеберлігі мен поэтикалық дарынын көрсететін айрықша диалог іспеттес. Бұл айтыстың көркемдік құндылығы поэтикалық тілдің тереңдігі мен байлығында жатыр: екі ақынның сөздері табиғи, әсерлі әрі оқырманға ой салатын мағынамен толыққан. Олардың поэзиясы бейнелі сөздерге бай, әрбір шумақ пен жол нақышына келтіріліп өрілген. Айтыстың ерекшелігі – онда қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелері мен адамдардың өмірлік жағдайлары



шынайы суреттелген. Сараның сөз тапқырлығы оның айтыстағы басты қаруы болды. Ол өз ойын нақты, ұтқыр әрі өткір жеткізе біледі, қарсыласының әрбір сөзіне терең мағыналы әрі жүйелі жауап береді. Бұл айтыста тек әдеби шеберлік қана емес, сонымен қатар қоғамдағы әділетсіздікке деген қарсылық, әйелдердің жағдайын жақсарту, теңдік мәселесі де сөз болады. Сара өзінің ақындық талантын тек көркемдік үшін емес, әлеуметтік өзгерістерге ықпал ету үшін де қолданды. Біржан салмен айтыс – Сараның даңқын бүкіл қазақ даласына таратқан шығармашылық шың. Бұл айтыс оның есімін тек ел ішінде ғана емес, одан тыс жерлерде де әйгілі етті. Қос ақынның арасындағы сөз жарысы қазақ халқының рухани мұрасын байытып, поэзияның халықты тәрбиелеудегі маңызын арттыра түсті. Осылайша, Сараның шығармашылық мұрасы қазақтың мәдени мұрасының жарқын үлгісіне айналды.

Ақын Сара Тастанбекқызының "Қош бол, елім!" өлеңі оның жүрегіндегі терең мұң мен туған жерге деген сағынышын жеткізеді. Бұл туындыда ақын өміріндегі қиындықтарды суреттеп, әділетсіздікке қарсы тұрудың ауырлығын көрсетеді. Ол халықтың қолдауына арқа сүйеп, өзінің бастан өткерген сынақтарын баяндайды. Әсіресе, қарақұс тырнағынан босанып, өз басын әрең құтқарғанын айтқанда, оның қайсарлығы мен күрескерлігі ақын көрінеді. Ақын бұл өлеңінде өз өмірінің өткіршілігін сезініп, қайғылы да ащы естеліктерді шебер жеткізеді. Сара туған жерінің құндылығын ерекше бағалайды. Өлеңнің әрбір жолында оның халқына деген алғысы мен ризашылығы көрініс табады. Ол өз елін ақтық рет көріп, қоштасу сәтінде барлық қиындықтардан өткенін түсінеді. Жүректарды жолдарымен ақын өзінің халқына ризашылығын білдіреді, халықтың қолдауына сүйеніп, өмірдің ауыр соққыларынан аман шыққанын баяндайды. Өлеңде өмірдің өткіршілігі мен әрбір адамның бұл дүниеде қонақ екендігі туралы ойлар да көрініс табады. Ақын өзін халықтың бір бөлігі ретінде қарастырып, оларға деген махаббатын ешқашан жоғалтпайтынын баса айтады.

"Мені де баламыз деп еске ал, жұртым,  
Сараның айтары осы аттанарда!"

Бұл жолдарда Ақын Сара Тастанбекқызы өзінің халқына жүректарды өтінішін білдіреді. Ол бұл дүниеде өтер сәтінде халықтың оны ұмытпай, өз баласы ретінде еске алуын сұрайды. Ақын осы арқылы өз өмірінің мәнін халыққа қызмет ету және өнерімен ел жадында қалу деп біледі. Өлеңде өткірші өмір мен адамның артында қалдыратын ізі туралы ойлар терең философиялық мазмұнда беріледі.

Қорыта айтқанда, ақын Сара Тастанбекқызының шығармашылығы қазақ халқының рухани өмірінде маңызды рөл атқарады. Оның өлеңдері мен айтыстары халықтың мұң - мұқтажын, әділетсіздікке қарсы күресін, туған жерге деген сүйіспеншілігін суреттейді. Сараның шығармалары әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, ұлттық рух пен мәдениетті дәріптеудің үлгісі ретінде сақталуда.

**Айдана ДОСЖАНОВА,**  
**Ақын Сараның мемориалды**  
**музейінің экскурсия - жетекшісі.**



(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

Оралбек Жақиянов жеке басының мәдениеттілігімен, кез - келген мәселеде ыждаһаттылығымен көпшілікке үлгі көрсетеді. Аудандағы әдеби-мәдени шаралардан қалмайды. Ақын, жазушылар мен өңші - композиторлар кездесулері мен кештеріне өзі отбасымен бірге барып қатысады.

Еңбек ету тәртібін келтіре, жұмысшылармен келісім шарттар жасалады. Ұйымдастыру жұмысына шебер Оралбек Жақиянов жердің құнарлығын қорғап, дамыту үшін жергілікті климат жағдайларын ескеруге назар салдырады. Ауылшаруашылық құрылымдары аяғынан тұра бастайды. Қытайдан дайын үн диірменін сатып әкеп орнаттырады. Шұжық цехы, сыр-май зауыты, наубайхана іске қосылады. Барлық ауылдарда нан цехтары ашылады. Аудан орталығына демеушілер көмегімен елу кісілік мешіт салынады. Өскеменнің Қатон-Қарағайынан 120 марал сатып әкеп, Қызылжарда асыратады. «Майтөбе» өндірістік кооперативінің төрағасы Асқар Жызылбеков:

- Оралбек Нұрсейітұлы Жақияновтың екі қасиетін жақсы бағалаймын. Біріншісі, өте мәдениетті адам. «Әкіммін» деп әкімнен еш уақытта адамның намысына тимейді. Алдына кім келсе де терезесі тең адамдай қабылдап, байыппен сөйлеседі.

Екіншісі, жаңашыл, ұсыныс пен бағалы бастама көтерсең, міндетті түрде жедел қолдау көрсетеді. Қолдаған соң ісіңнен бір нәтиже шығарасың, - деген пікір айтса, «Үйгентас» кооперативінің төрағасы Б.Қошқаров:

- Оралбек Нұрсейітұлының үлгі аларлық бір қасиеті келген жерінде кадрларды бей-берекет ауыстырып, елдің берекесін алмайды. Алдымен ауыл азаматтарымен танысады. Біліседі. Білімі мен біліктілігін зерделейді. Білмегенге үйретеді. Ең соңында жұмыс істеуді табанды түрде талап етеді. Бастысы кадр тәрбиелейді. Ал, тәжірибесі өз алдына бір мектеп, - деген пайым келтіреді.

Андреев ауданын санаулы үш жылдай басқарғанында іскер, жауапкершілігі жоғары, сабырлы, байсалды Оралбек Жақиянов өлкедегі мемлекеттік іс-шараларында қабілеті басшы ретінде танылады.

Жетісу губерниясы, Лепсі уезіндегі Герасимов болысы 17 қаңтар 1928 жылы «Герасимов ауданы» аталады. 1928 жылы 17 шілдеде «Андреев ауданы» деліне атауы өзгереді. 1930 жылы 23 шілдеде Алматы округі таратылып, Андреев ауданы жойылады. Андреев ауданы 1935 жылы қайта құрылады. 1963 жылы Андреев ауданы тағы жойылып, 1964 жылы қайта қалпына келеді. 1993 жылы 4 тамызда Андреев ауданы «Үйгентас ауданы» делінеді. 1997 жылы 23 мамырда Үйгентас ауданы жойылып, оның аумағы Алакөл ауданына беріледі.

«Үйгентас» атауы жайлы аңыздар. 1635 жылы Харақұлайұлы Батур тұсында ойраттар «жоңғар» одағын құрады. Батур «хоңтайшы» болғанына той жасайды. Тойына қазақтан Тоқымтай би Найман, Матай - Төртқара қатысып, жоңғардың бет алыс сұры жаман екенін қазақ хан, сұлтандарына жеткізеді. Жаугершілік қанды қырғын кезінде жайлау төсіне аталар тастарды үйе қорғаныс жасайды. Содан «Үйгентас» аталып кеткен деген сөз бар.

Екіншісі, жоңғар әскеріне қарсы аттанып бара жатқанда қазақ сарбаздары қолдарына тастан біреуден алып, үйе кетеді. Яғни, соншама сарбаз мерт болған деген болжам айтылады.

1994 жыл. Оралбек Жақияновтың:

- Талдықорған жер бетіндегі ең өсем қала. Оны сақтау керек, - деген сөзін тоқыған облыс әкімшілігінің басшысы Серік Шаяхметұлы Оралбек Жақияновты облыс орталығы Талдықорған қаласына басшы қылып тағайындайды.

Серік Ақымбеков - 1994 жылы Алматы облысы әкімшілігін басқарған. Оралбек Жақияновқа зор сенім білдірген Серік Шаяхметұлы:

- Қиын мезгілде облыс орталығы Талдықорған қаласының жағдайын жақсы білетін адам басқармаса, онда қалай болмақ? Басқаруың керек! - дейді.

Демократия, нарық, базар, кеңес басқару жүйесі құлдырап, қыры-сыры бүлінғыр, дүрбелең уақыт. Қоғамның бір формациядан екінші формацияға өтіп, халық ештеңені түсініп-біліп жатпаған өтпелі кезең. Заман азып, заң тозып, көпке қайыр бәсеңсі, жайы-күйі кеткен қилы мезгіл. Зейнеткерлер зейнетақысын, мұғалімдер, докторлар, бюджет саласының қызметкерлері жалақысын бірнеше айлап алмай жүрген зауалды күндер.

Қала жұртшылығының талабына сай, тіршілік өресіне лайықты басты

## ФИБРАТ ҒҰМЫР

мәселесі - жылу, жарық, тазалық, жол автокөліктерінің уақытылы жүруі, сауда дүкендеріндегі тауарлардың белгіленген баға мөлшерінде сатылуын, көмір - отын мәселесін Оралбек Жақиянов баса назар аударып қадағалайды. Оралбек Жақияновтың өзі Екібастұз қаласына, Кузбасс қаласына орынбасары Юрий Салагаев барып, келісімдер жасауының арқасында Талдықорған қаласы отынмен қамтылады. Қаладағы 168 жылу қазандығына отын жеткізіледі. Бастысы көреген көпшілікпен тіл табысады.

Қала аймағына Еркін, Өтенай, Еңбек ауылдарын жатқызу жұмысын аяқтатады. Қаланың маңайындағы жерлерге қызанақ өктіре, оны өңдейтін зауыт іске қосылады. Якутияға қоралталған қызанақ консервілерін сатқызып, одан түскен қаржыны қаланың инфрақұрылымын жақсартуға жұмсайды. «Мүшелтой» мөлтек ауданындағы жылу қазандығынан Жансүгіров көшесін бойлай, түйе мойын жуан негізгі жылу құбыры тартылады. Қаратал өзені жағалауына Қабанбай батыр ескерткішінің орнатылуына атсалысады.

Оралбек Жақиянов:

- Арада жанжал тудырмай, Қабанбай батыр ерліктері туралы насихаттап, «Қабанбай батыр» атымен қалада көше аталуына қоғамдармен келісу жұмыстарын жүргізді. Көптеген үлкен жиындар өткізілді.

Қарсы ешкім шықпады, - дейді.

- Талғампаздар талай сынап, атау болды жанға лайық түбесілі, - деп Оралбек Жақияновтың қазаққа ортақ ұлық батырды ұлағаттатуының арқасында бұрынғы Талдықорғандағы «Октябрь» көшесі «Қабанбай батыр» есімі иеленеді.

Қала басшысы Оралбек Жақияновтың араласуымен «тасқын» ақын Мырзағұлұлы Толғанбайға, қобызшы Байсақұлы Мольқабайға, «Қазақ ұстазын» жазған заңгер Барлықбек Сырттановқа, Алаш азаматы Біләл Сүлеевке, ақын Жамау Бұқарбай есімдеріне Талдықорған облыстық кеңесі халықдепутаттарының 1992 жылғы 10 шілде № 9-138 қаулысына сәйкес Талдықорған қаласынан көше атаулары берілді.

Оралбек Жақияновтың:

- Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласының сан түрлі келбеті ерек көз тартады, - деуінде үлкен еңбек жемісі жатыр.

Оралбек Жақиянов басқарған тұста Талдықорған қаласының біраз ғимараттары талан - тараж жекеменшікке алу кезеңіне кез келген. Талдықорған қаласының орталығындағы бұрынғы «пионерлер үйінің» ғимаратын Оралбек Жақиянов жекеменшікке бергізбей, сақтап қалады. Облыс орталығы Талдықорған қаласын машақатқа толы сұрапыл кезеңде Оралбек Жақияновқа басқаруға Леонид Лонскийдің, Юрий Салагаевтың, Біржан Ерденовтың, Борис Татарчуктің, Құлаш Шамшитдинованың, Арон Угай сынды серіктестерінің іскерлік істес пайдасы мен көмектері ерен тиеді.

Кең көлемде Ақсу ауданының орталығы Жансүгіровте 25 тамызда 1995 жылы «тасқын» ақын Толғанбай Мырзағұлұлының 150 жылдық мерейлі датасы аталып өтеді. Қазақ ұлттық ойындары күрес, тай, құнан, аламан бәйге жасалып, айтыс, мұшайра, қазақ ән-күйінен концерт демалыс саябақтағы арнайы тігілген сахнада ұйымдастырылады. Толғанбай ақын рухына тапшылық кезеңге қарамай, ел игілігі үшін Оралбек Жақиянов өз атынан жылқы атап, үлес қосқан кең пейілді жомарт. Қайырымды ізгі кісі көгерер. Ізгі кісі халық жүгін көтерер деген осы.

Қала басшысы Оралбек Жақияновқа 1996 жылы 26 сәуірде облыстық кәсіподақ ұйымының төрағасы тар кешу, қиын күндерге байланысты қайғы, уайым жамыла хат жолдап, 1 мамыр күні Талдықорған қала жұртшылығымен ашық жиын өткізуді сұрайды. Қала басшысы Оралбек Жақиянов:

- Адам қашқанмен көптен құтылмайды. Қорқақ, жүрексіз адам емеспін. Өрине, келісемін жиын өтуіңе, - дейді.

Облыстық кәсіподақ ұйымының келісімімен қала жұртының тапшылыққа тап болып, тозған күйі туралы жалпы қалалық жиыны 1996 жылы 1 мамырда «Сказка» кафеесіне қарама-қарсы алаңда өтеді. Аумалы-төкпелі, тығырықты қысаң күндер. Сағат он шамасында алаңдағы жиынға төрт мың адам жиналады. КамАЗ автокөлігі үстіне орналасқан мінберге облыс әкімінің орынбасары шығып, айтқан сөзін жиналғандар тыңдамай, қарсылық жасап, ашулана:

- Шикі, күйкі. Кет! - дегенге басады. Көпшілік қаһарынан секемдене облыс басшысы Өмірзақ Өзбеков Оралбек

ЕҢБЕК АДАМЫ

Жақияновқа:

- Сіз айтқыңыз! Қалалықтар орталықтағы Ленин ескерткіші маңайына жиі шыққандарын баса білген ұлағатыңыз бар, - дейді. Өзі жиыннан сытыла шығып, жөніне кетеді.

Өзбеков Өмірзақ - 1994 - 1996 жылдары Алматы облысы, 1996 - 1997 жылдары Талдықорған облысы әкімі қызметін жасаған.

Жиналған халық шулап:

- Аққа әкеп қараны жапсырмайды. Біздің адам! Зиятты азамат! - деген дауыстар шығады. Тілін тапса ел жарасар. Ел басына ауыр күндер, өз басына сын туған Оралбек Жақиянов аспай-саспай, ақылмен 40 минут жиналғандар алдында орынсыз жалған айтпай, бастысы қиындықтарды ортақ ете сөйлейді.

Жиналғандар тынышталып, сөзге құлақ сала тыңдап, талдап, бұтақтай қалдық қалдырмай, бірлесіп шешейік дегенін мақұл көреді.

Талай сынға шыдаған, көпті бастар көсем Оралбек Жақиянов лебізінен жақсылық өре:

- Заман мен адам мұны бір. Шайпау, шатақ өмір. Адамның адамсыз күні жоқ. Сіздерде жарық жоқ болса, менің үйімде де жарық жоқ. Әкім шешетін рас, мәселелер бар. Сіздердің қолдау мен көмектеріңіз ештеңе шешілмейді. Уақыт қажет шешуге. Сабыр мен төзім жасасақ, ол да шешімін табады. Қынсыз әділет жағын іздейміз, - дегенді айтып, ушыққан дертті уылтпай басады. Жиналғандар алдында Оралбек Жақиянов «аталы сөзге арсыз тоқтамайды, шыдайық» деген мәлім канон сөздермен мүләйімсімейді.

- Әділетті, шындық! - десе жиналғандар сөзіне иланады. Бойындағы жүгі жеңілдеген Оралбек Жақиянов:

- Мезгіліңнің бабын таппасаң, бүгінгі ертеңгіге жарамайды екен, - деген түйін жасайды. Орта жастағы әйел КамАЗ мінберіне шығып:

- Жақсыны қолдап, сыйлас болсақ, тарыққанда шапағаты тиеді. Барып тексергенбіз. Қалалық әкімнің үйінде бар-шамыздай жарық жоқ. Білеміз. Жақсылық жасағысы келеді Оралбек Нұрсейітұлы. Түсінеміз. Халық оған сенеді, - деген жиынға басу айтады. Халық сынай, сыйлай біледі.

- Жақсы адамның жаны жайсаң! Өкпе болмасын? Жеңнен қол, жағадан бас шығарып, береке - бірлік құрамыз! Бірлігі мықты жұрт артық! Айтқанымызда тұрамыз! - десе төрт мың адам ишаратпен тарасады. Шараның өзіндік нұқсаны болады. Халықтың:

- Мінеки, біздің адам! - дей дауыстап қолдауына Оралбек Нұрсейітұлы:

- Ел әділетке үйлеседі екен. Көптің батасы - ынтымақ. Өрдайым еліме сай боламын! - деген ішінен серт қылады. Облыс басшысы Өзбеков Өмірзақ қала әкімі Оралбек Жақияновқа:

- Халық түсінбей, жәбірлеп ысқыра, сізді қуып тастайма деп едім. Керісінше, халық түсінген екен. Жеңісіңізбен! - дейді телефон шалып.

Оралбек Жақиянов Талдықорған қаласын басқарумен үш жыл өтеді. 1997 жылы Талдықорған облысы тарап, облыстың жер көлемі Алматы облысына қосылады. Алматы облысының әкімі Серік Үмбетовтың ұсынысымен Алматы облысы әкімінің орынбасары қызметіне әділетті, әдепті Оралбек Жақиянов облыс орталығы Алматы қаласына ауысады.

Үмбетов Серік Өбікенұлы - 1996 - 1997 жылдары Алматы облысының әкімі қызметін істеген.

Алматы облысы әкімінің идеология жұмысын Оралбек Нұрсейітұлы Жақиянов аз ғана мезгіл басқарады.

Қапшағай қаласында облыс бойынша идеология кеңесінің жиынын өткізіп, облыс халқына қандай идеология қажеттігін сарапқа салады. Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығына мән бере, оның құрған «Отырар сазы» ансамблінің 15 жылдығын атауы өтеді. Нұрғиса Тілендиев:

- Мынандай бей - жай, өнер тоқырап тұрған тұста, менің шығармашылығымды ескере, бүкіл ансамбльге қолдау көрсете, шығармашылық кеш ұйымдастырып берген Оралбек Нұрсейітұлы Жақияновқа мәртебелі рахмет! - деген көрермендер алдында ризашылығын білдіреді.

Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев (1925-1998) - композитор, дирижер, дәулескер күйші. Қазақстанның еңбегі сіңірген өнер қайраткері, КСРО, Қазақстанның халық әртісі, Республикалық мемлекеттік сыйлықтың иегері, 1998 жылы «Халық қаһарманы» атағы берілген. II дәрежелі «Ұлы Отан» соғысы, «Отан» ордендерімен марапатталған.

Қиындықтан қаймықпайтын Оралбек

Жақияновқа 1997 жылдың аяғына қарай Нұрқаділов Заманбек Қалабайұлы Алматы облысының әкімі:

- Облыстағы атаулы үш ауданның біреуін таңдап басқар! - деген ұсыныс жасайды. Андреев ауданы қосылып, жер көлемі ұлғайған Алакөл ауданына Оралбек Жақиянов ақпан айында 1998 жылы әкім болып тағайындалады. Алакөл ауданының халқына жаңадан тағайындалған әкім Оралбек Нұрсейітұлы Жақияновты облыс әкімі Заманбек Қалабайұлы өзі апарып таныстырады.

Алматы облысының әкімі қызметін Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділов 1997 - 2001 жылдары жасаған. Алматы облысының орталығын 2001 жылы қайта Талдықорған қаласына қайтарған абзал.

Тарихшы Н.И.Любимовтың «Путевой журнал поездки на восток, 1845 год» деген жазбасында: «Алакөл ауданында Сапақ, Суық, Қоңыр, Толымбай Есім деген жер атаулары іркес-тіркес жатыр. Суық - жайлау», - делінеді. Яғни, жуан аталардың мекені. Тұңған табиғат, көусар бұлақтар, саф таза ауа.

1810 жылдардан бастап зерттеушілер Алакөлдің айналасына Арқадан келген найман руларының қоныстанғанын жазып, хаттап кеткен. Алакөл ауданының атауы «Алакөл» көлінің атауынан алынған. Моңғолдар Алакөлді - «Гурген-нор» депті. Мағынасы: «Көпірлер көлі». Жазба еңбектерінде саяхатшылар Рубрик пен Карпини: «XII ғасырда Алакөлді - Найман күре», - дейді.

Алакөл ауданы Алматы округінің құрамында 1928 жылы құрылады. Қазақстан Республикасының 1997 жылдың 23 мамырдағы жарлығымен Алакөл ауданы құрамына Үйгентас ауданы қосылады. 2022 жылдың маусым айынан Алакөл ауданы Жетісу облысы құрамында. Аудан көлемі 36,8 мың км<sup>2</sup> құрайды. Алакөл ауданының орталығы - Үшарал. Қақ ортасында Үшаралдың Янушкевич мақтап жазған, 1892 жылы туған, Ағадайұлы Бексұлтан төре бейіті бар. Тарихтағы орны Бексұлтан төренің ерек. Халыққалауымен Аягөз ішкі округінің 1841 жылы 23 қазанда аға сұлтаны болып сайланған. Жетісу төрелері ат - тонын Кенесарыдан ала қашқанында, Бексұлтан төре 500 жауынгер қосағына «хан Кенеге» деген 500 атты жетектете жібере, ер мінез танытқан асыл.

Кенесары хан мен Наурызбайдың өліміне кек алуға, 2000 сарбазды бастап Солтабайұлы Барақ батыр Бексұлтан төре жұмсауымен барады. Барақтың 2 мың қолмен келе жатқанынан хабардар болған қырғыз манаптары жасырынып үлгереді. Алакөл тұлғасы Барақ сұлтан Адольф Янушкевич: «Среди степных всех жителей две яркие звезды - Кунанбай и Барак. У Барака султана кроме мужества, были много других талантов, один из них - меткость. Он сбивал с головы человека крохотную медную монету. В пошиве одежды, отделке обуви, в выжигании дерева, выплавке металла он был непревзойденным мастером. Сам был поэтом. Когда Бараку присвоили звание батыра, ему было - 21 год. В 1859 - 1860 году Барак батыр был избран ханом. Ему не было 50 лет, когда в 1862 году ушел из жизни», - дейді деректеп.

Алматы облысының құрметті азаматы, Алакөл ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Аханұлы Өлмен:

- Оралбек Нұрсейітұлы 1998 жылдың басында Алакөл ауданына әкім болып келді. Ол кез - жұмыстың қию қашып, шаруадан қисын кетіп, жекешеленуден халық әбден шаршап, тұралап, жүдеп тұрған шағы еді. Елден келешекке деген сенім сөніп, үміт үзіліп бара жатқандай уақыт болатын. Оны былай қойғанда, республикадағы ең артта қалған он бір ауданның қатарына қосылып, жығылғанға жұдырық дегендей, халықтан қауқар қаша бастаған мезет. Елдің рухы езіліп, қабырғасы қайысып, жаншылып, не істерін білмей дағдарысқа түскен оларға шағындай сезілетін. Халық басшыларға сенуден, сүйенуден, тіпті еруден қала бастағанды. Заманды нарық билеп, көк түтін, боз тұман тұмшалаған, бағыт-бағдары толық айқындала қоймаған, бір белгісіз, ескесіз қайықтай, күй кешкен күндер еді.

Орекең ауданға басшылыққа, міне, осындай уақытта келді. Бірақ, ол саққан жой! Абыржып, сабырсызданып, бұрынғы кейбір кеудемсоқ басшылардай өзім білемдікке салып, өктемдікке барған жоқ, - деген сипатымен сол кездегі аудан халқы ахуалын хабардар етеді.

Оралбек Жақиянов «кемедегінің жаны бір» дегендей, бір де бір азаматты, аудан, ауыл басшыларын орнынан алмайды. Керісінше, оларды қанатының астына алып, барынша қамқорлық жасайды. Ақылын айтады. Бағыт - бағдар береді. Бөліну, бөлу қылмай, ел амандығын, жұрт тыныштығын сақтайды.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ. (Жалғасы бар).



### Батыр бабам - Бөрібай



Биыл аруақты батыр Бөрібай Сары ұлының 330 жылдық мерейтойы. Осы игі істің бастамасы болып жүрген Берікбол Қасымов ағамыз қатарлы бір қатар қазақ азаматтары және ел көлемінде мерейтойды ұлықтау шаралары өтеді. Қазақ шежіресі мен тарихында Матай Бөрібай батырдың есімі жоңғар отаршыларының зорлық - зомбылығына қарсы ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушы тұлға ретінде аталады. Бөрібай батыр Сарыұлы – шыққан тегі Найман, оның ішінде Матай руынан.

Шамамен 1694 – 1756 жылдар арасында өмір сүрген Бөрібай Найман, Жалайыр, Қоңырат жасақтарын біріктіріп, қаһармандықпен қол бастаған батырлардың қатарында тарихтан өз орнын алғанымен, тұлғасы түкпірге ысырылып, бүкіл қазақ елі түгілі, өз туған жұртына да беймәлім болып келгені рас. Бөрібай деңгейлес батырлардың бәрі 1990 жылдары-ақ насихатталып, зерттеле бастады. Олар туралы кітаптар жазылып, ас беріліп, ескерткіштері орнатылды. Кейінгі ұрпаққа жан-жақты қырымен таныстырылып, ұлықталмай келсе, ол батырдың емес, артындағы ұрпағының күнәсі. Батырдың аты кең ауқымда атала бастағалы қазақ жерін ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап өткен ел арыстарын бүгінгі өскелең ұрпақ ешқашан ұмытпайды.

**Әсем ЕСЕНАМАНОВА, Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің директоры.**

### Бейбіт қоғам – бейбіт ел

Қазақ елі — дүниежүзіндегі бейбітшілікті, татулықты, тұрақтылықты қастерлейтін бірден-бір мемлекет, сондықтан да тәуелсіздік алған сәттен бастап бейбітшілікті ту етіп, әлемнің түкпір-түкпірімен саяси, мәдени, рухани, достық қарым - қатынас орнатты.

Шындығында да, террористік актілердің әлемнің қай түкпірінде немесе қай мемлекетте орын алатыны ешкімге беймәлім. Сондықтан да бүгінгі күні терроризм мәселесі әлем елдерін алаңдатууда.

Дінді желеу еткен экстремистік және террористік идеологияның таралу процесі соңғы уақытта іс жүзінде бүкіл әлемде ауқымды сипатқа ие болып отыр. Қазақстан әлемдегі сыртқы саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты, өзінің геосаяси жағдайына қарай, Орталық Азия өңіріне географиялық жағынан жақын Таяу және Орта Шығыс елдеріндегі тұрақсыздыққа орай, халықаралық терроризмге қарсы күрестің негізгі бағыт аймақтарының бірінде қалып отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы терроризм қатерінен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының жүйесін әзірледі, оның тиімділігі біртіндеп арттырылып жатыр.

Қазақстан Республикасы терроризмді болдырмау және алдын алу мақсатында бірнеше заңдар қабылдады. Атап айтсақ, 1999 жылғы 13 шілдеде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» және 2005 жылғы 18 ақпанда «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары қабылданды. Бұл заңдарда экстремизм мен терроризмнің алдын алу мен оған қарсы іс-қимылдың құқықтық негіздері белгіленген, негізгі ұғымдық анықтамалар мен осы бағыттағы мемлекеттік органдардың құзыреті, сондай-ақ осы саладағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары айқындалған. Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік органдар қызметін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету дамытылуда. Алдын алу, соның ішінде ақпараттық-түсіндіру қызметі саласындағы іс-шаралар өткізу тәжірибесі қалыптасқан. Экстремистік және террористік топтар мен ұйымдар қызметінің жолын кесу жөнінде арнаулы және терроризмге қарсы операциялар өткізудің белгілі бір практикалық тәжірибесі жинақталған.

Қазақстан терроризмге қарсы күрес саласындағы негізге алынатын барлық халықаралық әмбебап актілердің қатысушысы болып табылады.

**Қайдар ЖАҒЫПАР,**

**Қызылағаш ауылдық мәдениет үйінің музыкалық жетекшісі.**

### БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ӘКЕНІҢ РӨЛІ

Әр шаңырақта әкенің рөлі ерекше. Әке - отбасының а с ы р а у ш ы с ы , о т б а с ы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнері мен білімі-баланың көз алдындағы үлгі енеге алатын, оған қарап өсетін нысанасы. Отбасының пейіл-береке, ынтымағы үшін отбасының әділ, ұстамды болуы орасан маңызға ие.

Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Қазақ халқында «Бір бала бар - атадан өте туады, бір бала бар - кері кете туады» деген тұжырымға, баланың қандай болмағына негіз қалайтын да әкенің өзі.

Жүздеген мамандық, кәсіп түрі бар. Бірі темір жолын құрайды, басқасы үй салады, үшіншісі бидай өсіреді, төртіншісі адамдарды емдейді, бесіншісі киім тігеді. Сөйтсе тұра, күзетшіден бастап министрге дейін барлық кәсіп иелерін алмастыруға болады. Орнын толтыруға болмайтын бір ғана мамандық бар. Ол – әке болу. «Әке көрген тон пішер», «Әкеге қарап ұл өсер», «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген нақылдар «әке» мамандығының қадір-қасиетін артық ауыз сөзсіз-ақ ұғындырып тұр. Айтпағымыз басқа арна. Мақаламыздың жүрегі – «Әкенің балаға беретін

ең үлкен сыйы – жақсы тәрбие» деген хадис мәтіні болмақ. Әу баста өзінің белінде су болып, ертең ұрпағын жалғастырушы, мұрагер атанатын ұл бала әрбір әке үшін қымбат. Және ол баласына бойындағы барын да, нәрін де бергісі келеді. Еңдеше, «ең жақсы сыйымыз» қаншалықты мәнді әрі көркем болып жүр?

Қалыпты қазақ отбасында асқар тау әкенің орны әрдайым бөлек болған. Алайда, бүгінде бала тәрбиесінде әкенің рөлі көп айтыла бермейді. Әдетте бар жауапкершілік шешесінің мойнында болған, ал барлық уақытта әке ұлдарға нағыз үлгі болған. Бірақ қыз бала өмірінде де әкенің рөлі өте маңызды. Қыз баласына әке - ер адам деген кім екенін, олардың қандай екенін, олардан не күтуге болатынын және ер адамның әйелге деген көзқарасын түсінуге көмектесетін нұсқаулық. Бала өзінің жетілуінің әр кезеңінде ата-анасынан қарым - қатынасты үйренеді, табысты әйел болу нені білдіретінін және оған қалай жетуге болатынын, ерлермен қарым-қатынас орнатуды үйренеді.

Бір - біріне деген сүйіспеншілік. Өзін-өзі бағалайтын қыздар мен әкелер әдетте жақсы дос бола біледі. Бұған бірге уақыт өткізу (ойнау, серуендеу, күнделікті тапсырмаларды шешу) арқылы оңай қол жеткізуге болады. Қызыңызға оны жақсы көретінізді айтыңыз, оны жасына сәйкес келетін сөздермен, құшақтап, іс-әрекеттермен дәлелдеңіз. Осылайша қыздың сену және бағалау қабілеті қалыптасады.

Әкесі қызының өміріне қалай әсер етеді? Әкесімен жағымды тәжірибесі бар қыздан өзін-өзі қамтамасыз ететін, сенімді, қарым-қатынаста ашық тұлға өседі. Егер әкесі қызын немесе анасын қорласа, комплимент айтпаса, сүйіспеншілігін көрсетпесе, қауіпсіздік сезімін сыйламаса, онда мұндай атмосферада өзіне сенімсіз, өзін-өзі бағалауы төмен қыз өсіп шығады. Өткен дәуірлерде де әке үйдің басты асыраушысы болды. Бүгінде де сол дәрежесінде де келе жатыр. Әкесі бар үйдің шаңырағы ешқашан шайқалмайды. Ол үйдің тәртібі де темірдей қатал. Қандай да болсын жағдайларда соңғы сөз - әкеде. Әкенің айтқанымен жүрген бала өз жүрісінен жаңылмайды. Әкені тыңдап өскен бала өмірдегі жолын табады. Жақсы азамат болып, еліне адал қызмет етеді. Себебі, баланың барлық арманы әкенің арманымен ұштасады.

Әке өзінің баласын қандай күйде көргісі келетінін күні бұрын ойластырады. Әрине, ешбір әке өз баласына жамандық тілемейді. Ең асылын, ең жақсысын баласына беріп, «Мен көрген қиындықты балам көрмесінші», -деп тілейді. Мұны сезіп, сол ойды ақылына қондырып, санасындағы терең түйсікпен біліп жатқан бала болса, құба-құп.

**А.ҚАТАРБАЕВА,**  
**«Суықсай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің қызметкері.**

### Ұлы даланың жеті қыры - ұлт тарихының жаңғыруы

Жас өспірімдерді салт - дәстүріге, мәдениетке, тарихымызға деген сүйіспеншілігін оятып, патриотизмге тәрбиелеу ең алдымен отбасынан басталатыны сөзсіз. Сондықтан да ата - анаға жүктелген міндет үлкен.

Ұлт тарихын, тілін, ділін санаға сіңіру әр жас ұрпақ үшін маңызды. «Ұлы даланың ұлы есімдері» халқымыздың дара тұлғаларын, олардың шығармаларын насихаттауды негіз етеді. Біз сөз етіп отырған ұлы даланың әлем мойындаған әл - Фараби, Яссауи мен Күлтегінді, ақылы асқан билік иелері Бейбарыс, Өз Тәуке мен Абылай, Кенесарыларды, дана Абайды, ғұлама Шәкәрімді және басқа да



көптеген ұлы тұлғаларды дүниеге әкелді. Олардың өмір жолы, шығармалары, ақыл - кеңестері бүгінгі ұрпаққа үлгі. Сондықтан олардың ізгі мұралары жас ұрпаққа таптырмас құрал, мәңгілік азық. Өзінің төл тарихын білуге құштар, оны бағалайтын және мақсат ететін халықтың болашағы зор болатыны сөзсіз.

Өткен тарихты мақтан етіп, бүгінін нақты бағалай білетін және болашаққа сеніммен қарайтын ұрпақ тәрбиелеу сізбен біздің міндетіміз деп білемін.

Осыған орай ауылдық кітапханамызда түрлі іс-шаралар өткізіліп, оқырмандарды ел тарихына, тіліне, мәдениетіне деген құрметті арттыру мақсатында түрлі кештер өткізіліп жатыр. «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы жастар тәрбиесіндегі рөлі жан жақты. Ел ертеңі-жас ұрпақты тәрбиелеуде маңыздылыққа ие.

**Г.МӘДІҒАЛИЕВА,**  
**Егінсу ауылдық кітапханасының кітапханашысы.**

### МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі болып өкімшілік кедергілерді азайту, халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету болып табылады.

Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметтің қоғам өмірінде үлкен орын алады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасының деңгейі еліміздің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты, көптеген шет мемлекеттер мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғары болуына және осы саланың дамуына үлкен мән береді.

Жалпы мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз не? Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз - көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жеке-леген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің негізгі қағидаттары: - көрсетілетін қызметті алушылардың

тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, на-нымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуі;

- мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілдік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу;

- мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы есеп берушілік және ашықтық;

- мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі;

- мемлекеттік қызметтер көрсету процесін үнемі жетілдіру;

- мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

Арал ауданаралық әділет басқармасымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтің негізгі заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу есептік тіркеу жөнінде мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары негізінде жүргізіледі.

**Ж.КАДЕНОВА,**  
**Көшкентал ауылдық округінің бас маманы, салық инспекторы.**

### ТЕРРОРИЗМ БАСЫП ІДЕПТІ

«Терроризм» ұғымы бұл - «қорқыныш», «үрей» деген мағынаны береді. Экстремизмнің шектен шыққан көрінісі. Терроризм ерекше қатал, қорқыту формалары мен зорлық көрсету әдістері арқылы саяси мақсаттарға қол жеткізу.

Терроризм - қазіргі жаһандық қатерлерінің бірі, ол өзінің маңызы бар объектілері мен коммуникацияларын, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін, мүлкікті және басқа да материалдық объектілерді жою (зақымдалу) немесе жоюға қатер төндіру, мемлекет немесе қоғам қайраткерлерінің мемлекеттік немесе өзге де саяси қызметін тоқтату не осындай қызметі үшін кек алу үшін өміріне қауіп төндіру.

Грек жұрнағынан аяқталатын «Экстремизм» деген латын сөзі «шеттеу» яғни, орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді. Экстремизм жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс - әрекет жасаушы дегенді білдіреді. Мұндай шектен шыққан экстремизм әртүрлі мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп қана қоймай, дін аралық жағдайдың ушығуына да себепкер болууда. Бір анығы, қоғам үшін қауіпті құбылыс.

Терроризм көптеген жағдайларға байланысты болады, қандай да болсын терроризмдік әрекет туралы қоғамға жариялайтын бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы, қарудың жаңа шығаруға мүмкіндік берген ғылым мен техниканың да-



муы, мемлекетаралық қатынастардың шейленісулері, әртүрлі діндердің арасындағы байланыстар, ғаламшархалқы санының артуы, ұлтаралық қатынастардың өткірленуі, адам құқығы, халықаралық қылмыстың артуы, заңсыз есірткі айналымы, жұмыссыздық, білімсіздік және т.б.

Бабаларымыз «Аурудың алдын ал, жаудың алдын ал, қайта көтерілген даудың алдын ал» деген екен. Еңдеше, терроризммен күресуді қолға қару алып күресу емес екендігін түсіндіру арқылы ғана жеңе аламыз.

**Әлімғазы АРМАН,**  
**Суықсай ауылдық клубының көркемдік жетекшісі.**





**ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ**  
**Мұхаметәлі Қазбанбетовтың "Кіндікқоңыр"**  
**повесіндегі Ілияс Жансүгіров бейнесі**

хат танып, оқуға құмарлана бастадым. 17 жылдар өз даярлығым арқасында ауылдық мектепті бітірдім. 17 жылдан 19 жылға шейін граждандық соғысы уағында тағы да оқи алмай баяғы диқаншылықта қара жұмыспен болдым. 90 жылдың ғана басында Ташкентке оқуға кетіп, қазақ-қырғыз институтына 2 жылдық курсына кіріп оқи бастадым ... 1921 жылдың жазында кірген курсымды бітіріп, Жетісуға келіп, Талдықорған оязы Белтоған мектебінде мұғалім болдым...» (көп нүкте қойылған жерлердегі ақпараттар қысқартылып алынды) деп жазады. Бұл бір шағын ғана жазбадан біз ақынның өмір деректері мен қатар қоғамдық қызметін, журналистік бағыттағы жұмысын қатар аңғара аламыз.

Аталған повесттің авторы Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы», жазушы, журналист, философ, ақын, саяси қайраткер Қазбанбетов Мұхаметәлі Найманханұлы 1953 жылы 18 шілде күні Діңгек ауылында дүниеге келіп, 2021 жылы мамыр айында дүниеден өтті. Жазушының бұдан бөлек «Ардың ісі», «Жамау», «Қайнар батыр», «Кесенедегі құс ұясы», «Ызғырық» т.б. шығармалары бүгінгі оқырман қауым назарына ұсынылған.

Бүгінгі таңдағы жасбуын оқырмандардың көпшілігі жазушының шығармаларымен толық таныс та емес екендігі айдан анық. Аталған жазбамыз арқылы аз да болса М.Қазбанбетовты елдің мұрасы үшін тынбай еңбек еткен жазушы ретінде тану, қаламгердің туындыларын жас ұрпаққа таныстырып, нәсихаттау болсын деген ниеттеміз.

Белгілі жазушы, жерлесіміз Шәкен Күмісбайдың «Бәріміз сонда жиналып, жаңа туындыларды талдайтынбыз. Мұхаметәлі Найманханұлының повестері мен әңгіме, очерктері сыннан өткен, шыңдауы жеткен сол жылдардың жемісі», - деген сөзіне назар салсақ, М.Қазбанбетов қаламынан туған туындылардың тари-

хи маңызы жоғары деген оқырмандық ойымызды одан ары толықтыра түскенін аңғарамыз.

Шағын жазбамызда жазушының «Кіндікқоңыр» повестіндегі Ілияс Жансүгіров бейнесіне тоқтала кетуді де жөн көрдік. Сол арқылы қаламгердің кешегі тарих туралы тынбай ізденісін айқын көре аламыз.

«Кіндікқоңыр» повестінде ең алдымен 6 жасында-ақ сауат ашып, өлең кітаптарға құштар бір сөзбен айтқанда білімге құштар жасты кездестіреміз. «Алты жасынан молдадан хат танығалы өлең кітаптар оқығыш боп алды. Әттең оқитын кітап аз, қолыңа тиген дүние құмға сіңген судай ұзамай таусылып қалады...» [8-бет] жас білім алушының қолына тиген кітаптарды тез оқып, білімге деген ынтасының артқан кезін көреміз. «...Сол шариғат заңын қолданып қажы сыйлаған тайтұяқ неше мың сом тұрады екен деп таңданды Ілияс... - мұнша қаржыға кітап сатып алса,- деп қалды Ілияс» деген жолдардан біз білімге құштар бала Ілиястың оқуға деген ынтасын толық аңғарамыз.

Қазбанбетов қаламынан туған «Кіндікқоңыр» повестін оқып отырып, біз Ілияс ақынның қоғамдағы кері тартпа күштермен ашық айқасын, күрескерлік рухын да аңғарамыз, шығармадан мысал келтіріп көрейік: «Осыдан қарапайым дәлел – Молықбай күйшіні жазықсыз жаланып құрбаны етсеңдер, қазақтың жүз күйі онымен бірге қара жерге көміледі. Ал Нәсербай сияқты жүз белсендіні жинап, басынан аяғына шейін алтын құйсаңдар да бір күй тұмайды» дегенде талай қазақ азаматы көзіне жас алды...» [70-бет].

Ілияс ақын бұл шығармада талай қиындықты бастан өткізіп жүрсе де өз білгенін қазақ баласына үйретумен, білім берумен де айналысып жүргенін «Алғашында қандай жұмыс болса да, қиындығы көп. Оның үстіне ауылдың талапкер тіршілігіне баспа құралдары мүлде жат... қарауына берген қаламгерді мақала,



есеп, әңгіме, фельетон жазуға баулыды...» [80-бет] деген үзінділерден көре аламыз.

Осы бір шағын жазбамызды қойтындылай келе, біз аталған повестен Ілияс Жансүгіровтың білімге құштар бала кезінен бастап, әр кезеңдегі әр түрлі бейнелерін саралай отырып, ақынның даралық қасиеттерін тани алдық және де жазушы М.Қазбанбетовтың «Кіндікқоңыр» повестіндегі тіл қолданысының қарапайым, келешек оқырман қауым үшін аттары таныс тарихтағы тұлғалардың аттары мен Ақсу өңіріндегі жер атауларын өзгертпей сол қалпында беру арқылы, шығарманың тарихи мәнін арттыра түскенін аңғарасыз егер қолыңызға алып оқитын болсаңыз. Сонымен қатар Ілияс ақын айнала-сында қарым-қатынаста болған тарихи тұлғаларды, Жетісу жеріндегі киелі шаңырақ «Мамания» (Қарағаш) мектебі жайлы ақпараттар шынайы тарихи құжаттар негізінде сюжеттік қолданысқа енуі де оқырман қауымның кітапты оқуына түрткі болар жағдайлардың бірі деген ойдамыз.

**Дина БЕКБОЛАТҚЫЗЫ,**  
**«Ілияс Жансүгіров атындағы орта мектебі, МДШО» КММ-нің 6-сынып оқушысы.**

**АУЫЛЫМ - АЛТЫН ДІНГЕГІМ**



Жерлесіміз, алдыңғы толқын ағамыз Фабит Тұрсынбай "Діңгегім" деген өлеңінде:

Ауылым - алтын Діңгегім,  
 Көркейіп келеді (і) күнбе күн.  
 Саналы ұрпақ өсіріп,

Жаңарып қайта гүлдеді - дейді. Иә, күннен күнге көркейіп келе жатқаны көз алдымызда көрініп тұр. Ауылымызда дене шынықтыру залымен жапсарлас 180 орындық мәдениет үйінің құрылысы басталған. Діңгектен шыққан бір топ арда азаматтары ниеттеніп қасиетті жұма күні осы құрылыс нысанының басында құран бағыштап, бір қой малы сойылды. Құрылысшылар мен ауылдың үлкендерін жиып батасын алып, құдайы ас бердік. Алла ниетімізді қабыл етсін!

Өлеңдегі саналы ұрпақ деген осы емес пе, ауыл азаматтары бұл ғана емес ауылда болатын түрлі шараларға жұмыла кірісіп, белсенділік танытады. Ауылымыздың саналы ұрпақтарының берекесі ажырамасын.

**Жантас БИҒАЛИ.**

**Мемлекеттік қызмет алушылардың құқықтарын қалпына келтіру**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің (бұдан әрі – Департамент) жұмысындағы негізгі ұстанымдары мемлекеттік қызмет сапасын арттыру және азаматтардың құқықтарын қорғау үшін жүйелі шараларды жүзеге асыру болып табылады. Осы ретте, ағымдағы жылы Департаментпен мемлекеттік қызмет алушылардың құқықтарын қалпына келтіру мақсатында байқау жұмыстары жүргізілуде.

Байқау жұмыстарының аясында Департаментпен 69 азаматтардың құқықтары қалпына келтірілді.

Департаменттің барлық бастамалары мемлекеттік қызметтердің ашықтығын қамтамасыз етуге, азаматтардың құқықтарын қорғау және қоғамның мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға бағытталған.

**Қ.МАНАП,**  
**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңесінің төрағасы.**

**ӘЛЕМГЕ ТӨНГЕН ҚАТЕР**

Терроризм бір күнде пайда болған жоқ. Ол қай заманда да түрлі пішінде бар болатын. Бірақ, қазіргі ғылым мен техниканың, ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуына орай оның ауқымы, қарқыны және қоғамдық санаға ықпалы бұрынғыдан сандаған есе өсіп, ұлғайып кетті. Міне, әлемдік қоғамдастық осыдан үрейленеді.

Ол – бүкіләлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікке төнген ең елеулі қатер. Әлемде террорлық әрекеттер жасалған деректер көп. Сондықтан да әлемдік қоғамдастық лаңкестік әрекеттерден үрейленуі заңды. Соған орай барлық елдерде қауіпсіздік шаралары күшейтілуде. Мұның өзі қатардағы азаматтардың құқықтарын баған сайын шектей түсуде. Қазір терроризм халықаралық сипатқа ие болды. Сондай-ақ, діни терроризм де қанатын жая түсті. Содан кейін-ақ көпшілік елдер оған қарсы бірлесіп күресу қажеттігін қолға ала бастады. Терроризм – XXI ғасырдың асқынған проблемасы.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Әлем. XXI ғасыр» манифесінде тер-роризмді бүкіл әлем елдері болып бірлескенде ғана жеңуге болатынын атап көрсетті. Егер олардың қолына ядролық қару түссе, бұл бүкіл адамзат үшін аса үлкен трагедия болары анық. Сондықтан



терроризмді күш біріктіріп қана жеңе аламыз. Ең бастысы, лаңкестіктің тамырына балта шабу үшін оған нәр беріп отырған өзегінен айыру қажет. – деп жазды.

Өйткені, терроризм Қазақстан мен Орталық Азия үшін де қауіпті. Қазіргі кезде Қазақстан көптеген халықаралық ұйымдардың, оның ішінде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының құрамында өңірлік қауіпсіздік мәселелерін үнемі көтеріп келеді. Осы ұйымдарға кіретін мемлекеттердің арнайы қызметтері бірлесіп нақты шешімдер әзірлеуде. Өйткені, күш біріктірген кезде ғана қауіптің алдын алуға болатынын түсінетін уақыт жетті.

**Дәулет АХМЕТОВ.**  
**Жаңалық ауылдық клубының көркемдік жетекшісі.**

**"АҚСУ Өңірі"**  
**Меншік иесі - ЖШС**  
**"Ақсу өңірі" газеті"**  
**Құрылтайшы, директор - бас редакторы**  
**ҚАСЫМБЕКОВА**  
**ЛӘЗЗАТ**  
**ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

**БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**  
 Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде  
**Тапсырыс 488**  
**Осы шығарылымның таралымы 2209**

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.  
 Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru  
 Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz  
**Индекс: 66750**  
 Офсеттік басылым көлемі 26 т.